

Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нұрмұханова



ҚАЗАҚ ТІЛІ

БАЛАПАН

Рекомендовано
Министерством образования и науки
Республики Казахстан

3-сынып
1-бөлім

Көкжиек-Горизонт
2018

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922
Қ 17

Авт.: Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина, Л. С. Нұрмұханова

Қ 17 Қазақ тілі: Балапан. Оқулық. Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын 11 жылдық жалпы білім беретін мектептің 3-сыныбына арналған. 1-бөлім. / Ф. Ш. Оразбаева, Ж. Т. Дәулетбекова, Р. С. Рахметова, А. Қ. Рауандина, Л. С. Нұрмұханова. — Алматы: «Көкжиек-Горизонт», 2018. — 128 б.

ISBN 978-601-7832-70-4
1-бөлім. — 2018. — 128 б.
ISBN 978-601-7832-71-1 (жалпы)

ӘОЖ 373.167.1
КБЖ 81.2 Қаз-922

ISBN 978-601-7832-70-4 (1-бөлім)
ISBN 978-601-7832-71-1 (жалпы)

© «Көкжиек-Горизонт» ЖШС, 2018

Құрметті жас дос!

Қазақ тілі әлеміне қош келдің! Оқулықтың көмегімен осыған дейінгі алған білімің одан әрі кеңейе түседі. Қазақ тілінде сауатты сөйлеуге машықтанасың.

3-сыныпқа арналған «Қазақ тілі. Балапан» оқулығы 2 бөлімнен тұрады. Осы 1-бөлімде «Жанды табиғат» тақырыбында қоршаған орта туралы ойың дамиды. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» тақырыбы бойынша әдепті болуға, сыпайы сөйлеуге үйренесің. «Уақыт» тақырыбын оқу арқылы күнді дұрыс жоспарлаудың маңызын түсінесің. Достарыңмен табиғат мезгілдері жайлы сөйлесесің. Ал «Сәулет» тақырыбында ең керемет өнер түрі жайлы, әсем ғимараттар мен кешендер туралы ой бөлісесің.

«Балапан» сабақтарында сені қызықты тапсырмалар күтеді. Сен қазақша сөйлеуді үйренесің, түрлі тақпақтар жаттайсың. Тапсырмаларды жұппен, топпен ақылдаса отырып, орындауға дағдыланасың. Мұндай тапсырмалар сені достарыңмен жақын араласуға, ойыңды еркін жеткізуге көмектеседі. Сөйтіп, қазақ тілінде дұрыс сөйлейтін боласың.

Талабыңа нұр жаусын, жас дос!

Оқушы, бұл модульде:

- айтылған сөздің, шағын мәтіндердің мазмұнын тыңдап, түсіну, сұрақтарға жауап беру;
- мәтін мазмұны бойынша иллюстрациялар орналастыру, кесте толтыру;
- берілген тақырып бойынша жоспар (сурет, сызба түрінде) немесе тірек сөздер негізінде ойыңды жеткізу;
- түрлі жағдаяттарда қарым-қатынас жасау;
- мәтінді дұрыс оқу;
- нақты тақырып бойынша сызба, постер құру;
- тірек сөздер негізінде оқиға желісін сақтай отырып мазмұндау;
- заттың сынын қарапайым түрде сипаттап айту, жазуды **үйренесің**.

1-сабақ**Күз келді**

*Үшінші сыныпқа бар+а+мын.
Табиғат өзгер+е+ді.
Олар — менің сынып+тас+тар+ым.*

Жаңа сөздер

өзгеру
сыныптастар

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

Оқы. Қайтала.



Табиғат өзгереді.

Үшінші сыныпқа барамыз.

Олар — менің сыныптастарым.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Бүгін — қай күн?
2. Күзде не басталады?
3. Күзде не өзгереді?
4. Әлібек нешінші сыныпқа барады?
5. Олар — кімдер?



Дұрыс айт!

өзгереді
(өзг~~ер~~ет)

ұл

қыз



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді мәтін мазмұны бойынша орналастыр.



1. Жанды табиғат



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Үлгіге қара. Әр сөйлем бойынша сұрақ жаз.

Үлгі: Сен нешінші сыныпқа барасың?

Мен үшінші сыныпқа барамын. Менің сыныбымда он ұл, он екі қыз оқиды. Бұлар — менің сыныптастарым. Бұл — Әнел. Мына сыныптасымның аты — Саша. Менің сыныптастарым әдепті, ақылды. Олар табиғатты жақсы көреді.



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Оқы. Салыстыр.

Менің сыныбым	Менің сыныптасым	Менің сынып+тас+тар+ым
Сенің сыныбың	Сенің сыныптасың	Сенің сынып+тас+тар+ың
Оның сыныбы	Оның сыныптасы	Оның сынып+тас+тар+ы



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

Бұл — қай мезгіл? Сенің сыныптастарың қай мезгілді жақсы көреді?



Бұл — ...





ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Адамдардың қосымшаларды орындарына қойып жаз.

қыргүйек...	сынып...	күз...
-дің	-тас	-ді
-те	-мыз	-інші
үш...	бара...	өзгере...



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Оймоншақ». Сынып үш топқа бөлінсін. «Сабақ басталды» деген тақырыпта мәтін құраңдар. Мәтінде жаңа сөздерді қолданыңдар.

Кел, жаттайық!

Сыныптастар — шын достар
Бірге сабақ оқитын.
Ортақ бізге бір жоспар,
Білім ортақ тоқитын.



Есте сақта!

Қыргүйек — күздің бірінші айы.
Күзде табиғат өзгереді.
Біз үшінші сыныпқа барамыз.
Бұл — менің сыныптастарым.

2-сабақ

Жанды және жансыз табиғат

Өсімдіктер өс+е+ді.

Жаңа сөздер

жанды/жансыз
өсімдік
өседі



жанды табиғат

Өсімдік өседі.

жансыз табиғат



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек кіммен сөйлесті?
2. Олар не туралы сөйлесті?
3. «Табиғат» деген — не?
4. Табиғат қандай болады?



Дұрыс айт!

өсімдік
[өсүмдүк]
өседі
[өсөт]

**АЙТЫЛЫМ****2-тапсырма.** Тірек сөздерді пайдаланып, мәтіннің мазмұнын өз сөзіңмен айт.*Тірек сөздер:* Әлібек, ата, сөйлесті, табиғат, жанды, қоршаған орта, жансыз.**ОҚЫЛЫМ****3-тапсырма.** Мәтінді оқы.

Табиғат жанды және жансыз болады. Жанды табиғатқа адамдар, жануарлар, құстар, өсімдіктер жатады. Жансыз табиғатқа су, тас, тау, Күн, Ай жатады. Жанды табиғат өседі, өзгереді. Ал жансыз табиғат өзгермейді.


**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма.** Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз.*Керекті сөздер:* табиғатқа, Ай, өсімдіктер, өседі, жанды, өзгермейді.

1. Адамдар, жануарлар, құстар ... табиғатқа жатады. 2. ... де жанды табиғатқа жатады. 3. Жансыз ... су, тас, тау, Күн жатады. 4. ... қандай табиғатқа жатады? 5. Жанды табиғат өзгереді, 6. Ал жансыз табиғат

**АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма.** Мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап.

жанды	<i>өзгереді</i>	ақ	<i>тәтті</i>
өседі	<i>жатпайды</i>	суық	<i>қара</i>
өзгермейді	<i>өспейді</i>	салқын	<i>кіші</i>
жатады	<i>жансыз</i>	үлкен	<i>жылы</i>

**АЙТЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****6-тапсырма.** Суретке қара. Қайсысы жанды табиғатқа, қайсысы жансыз табиғатқа жатады? Кесте бойынша жаз. Үлгі бойынша түсіндір.*Үлгі:* Бұл — Ол ... табиғатқа жатады, себебі ...



Жанды табиғат		Жансыз табиғат	

Кел, жаттайық!

Табиғат — біздің анамыз,
Табиғатқа баламыз.
Құшағында ойнаймыз,
Шаттық әнге саламыз.

Н. Жанаев



Есте сақта!

Жанды табиғатқа адамдар, жануарлар, құстар, өсімдіктер жатады. Жансыз табиғатқа су, тас, тау, Күн, Ай жатады. Жанды табиғат өседі, өзгереді. Ал жансыз табиғат өзгермейді.

3-сабақ Үй жануарлары – жанды табиғат



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

қора
қой
сиыр
жылқы
ешкі
түйе
мал



қора қой сиыр жылқы ешкі түйе
Мынау — қора. Бұлар — үй жануарлары.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып, қайтала.

Үлгі: Менің атам ... тұрады. Атамның ... бар. Қорада ..., ..., ..., ..., ... бар. Олар — ...



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретті сөзге айналдырып жаз.

Әлібектің атасы




тұрады.

Атасының



бар.

Қорада



бар.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Жазда атамның ауылына бардым. Атамның қорасында жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі бар. Оларды «үй жануарлары» немесе «мал» деп атайды. Мен атама көмектестім. Малға шөп салдым. Қораны тазаладым.

1. Әлібек жазда қайда барды?
2. Атасының қорасында не бар?
3. Үй жануарларын тағы қалай атайды?
4. Әлібек атасына қалай көмектесті?
5. Үй жануарлары қандай табиғатқа жатады?



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қара. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып оқы.

Керекті сөздер: үй жануарлары, өседі, сиыр, қой, жанды, жылқы, ешкі, түйе.



Бұл —



Бұл —



Бұл —



Бұл —



Бұл —

Бұларды «...» немесе «...» деп атайды . Олар ... табиғатқа жатады. Себебі олар



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны. Мұғалім көрсеткен жануарларды тез-тез атаңдар. Кім көп ұпай жинаса, сол жеңімпаз болады.

Кел, жаттайық!

Жылқы, түйе, сиырлар —
Барлығы да — ірі мал.
Қой мен ешкі — ұсақ мал,
Ортақ аты — «жануар».



Есте сақта!

Атамның қорасы бар. Қорада жылқы, түйе, сиыр, қой, ешкі бар. Оларды «үй жануарлары» немесе «мал» деп атайды. Олар жанды табиғатқа жатады.

4-сабақ

Бұл — малдың төлі

Қойдың қозысы
Ешкінің ла(қ)ғы
Сиырдың бұзауы
Жылқының құлыны
Түйенің ботасы

Жаңа сөздер


құлын
бота
бұзау
қозы
лақ



Оқылым Айтылым



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!











құлын [құлұн]
бұзау
қозы [қозұ]
лақ



Тыңдалым Айтылым



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бұл — ненің төлі? Суреттердегі малды атап, төлдерін көрсет.

				
				
жылқы	қой	сиыр	түйе	ешкі



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті қосымшаны жалғап жаз.

қой + ...	-ның -дың -нің	қозы +...	-ы -сы
ешкі + ...		лақ + ...	
жылқы + ...		құлын +...	
түйе + ...		бота +...	
сиыр + ...		бұзау +...	



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Біз малдың төлдерін жақсы көреміз. Маған құлын ұнайды. Ал ағама бота ұнайды. Қарындасым қозыны жақсы көреді. Ініме бұзау мен лақ ұнайды. Төлдер әдемі, сүйкімді. Олар шөп жейді, ойнайды.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Үлгі: Әлібекке не ұнайды? Ол — ненің төлі? Ол не істейді?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті сөзді қойып жаз.

Әлібекке ... ұнайды. Ол — ... төлі. Ағасына ... ұнайды. Ол — ... төлі.
 Қарындасына ... ұнайды. Ол — ... төлі. Інісіне ... мен ... ұнайды. Олар — ... мен ... төлдері. Төлдер де ... табиғатқа жатады.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Төлін тап» ойыны. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

- 1) Бұл — ненің төлі?
- 2) Қай малдың суреті жоқ? Оның төлін не деп атайды?

ТӨЛІН ТАП



Кел, жаттайық!

Қой баласы — қоңырым,
Қойдан жуас момыным.
Шопан ата түлегі —
Қошақаным, қайдасың?



Есте сақта!

Маған құлын ұнайды.
Ағама бота ұнайды.
Қарындасым қозыны
жақсы көреді. Ініме бұзау
мен лақ ұнайды.

5-сабақ Менің ақ лағым бар

Менің лағым
Сенің лағың
Сіздің лағыңыз
Оның лағы

Жаңа сөздер

секіреді
еркелейді



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Лақ секіреді.

Лақ еркелейді.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтін не туралы?
2. Лақ қандай?
3. Лақ не істейді?
4. Лақ кімге еркелейді?



Дұрыс айт!

секірет
еркелейт
ақ лақ
[аҒлақ]

1. Жанды табиғат



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.

Лақ қандай?

- ...
- ...
- ...



Лақ не істейді?

- ...
- ...
- ...

Бұл — ақ лақ.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Менің



бар/жоқ.

Сенің

Сіздің

Оның

Менің

Сенің

Сіздің

Оның



бар/жоқ.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Өзің жақсы көретін үй жануарларының төлдері туралы шағын мәтін жаз. Төлдерді сипатта. Олардың не істейтінін жаз.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Мына суреттердегі лақтар туралы қандай мультфильмдерді білесің? Досыңмен диалог құр.



Кел, жаттайық!

Бөрте лақ

Шөре-шөре, лағым,
Тентек болма, шырағым!
Секектеме, деміңді ал,
Селтеңдемей құлағың.

Ілияс Жансүгіров



Есте сақта!

Қорада лақ бар.
Менің ақ лағым әдемі.
Менің лағым сүйкімді.
Лақ секіреді, маған ерке-
лейді.

6-сабақ Жәндік жанды табиғатқа жата ма?

Құмырсқа мен ара — жәндік.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

ара
құмырсқа
қызғалдақ
жәндік



құ-мырс-қа



а-ра

Ара мен құмырсқа — жәндік. Ара гүлге қонды.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Саша кіммен сөйлесті?
2. Ол Әлібектен не туралы сұрады?
3. Құмырсқа мен ара жәндікке жата ма?
4. Жәндік қандай табиғатқа жатады?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына керекті сөзді қойып жаз.

Керекті сөздер: жатады, ара, жәндік, кішкентай, құмырсқа.

1. ... мен ... жанды табиғатқа
2. Оларды «...» деп атайды.
3. Жәндік ... болады.
4. Ара қызғалдаққа қонды.

**ОҚЫЛЫМ****3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.**

- Әлібек, құмырсақ мен ара жанды табиғатқа жата ма?
- Иә, жанды табиғатқа жатады.
- Олар өте кішкентай ғой.
- Сондықтан оларды «жәндік» деп атайды. Жәндік де тамақ жейді, өседі.

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма. Жақшаның ішінен керекті сөздерді таңдап, сөйлемдерді толықтырып жаз.**

Ара мен құмырсақ да жанды (табиғатқа, төлге) жатады. Олар өте (кішкентай, үлкен). Ара мен құмырсақаны (мал, жәндік) деп атайды. Жәндік тамақ жейді, (өседі, ойнайды).

**АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма. Кестедегі сөздерді қолданып, сұраққа жауап бер.**

Бұл — не? Ол не істейді?

жүгіреді	секіреді	тамақ жейді	өседі	ойнайды
тістейді	ұшады	су ішеді	жүреді	жинайды

Кел, жаттайық!

Гүлден жинап шырынды,
Бал береді аралар.
Тисең, шағып алады,
Жоламаңдар, балалар!

**АЙТЫЛЫМ****6-тапсырма. Рөлдік ойын.**

Ара мен Құмырсақаның рөлінде бір-біріңнен нені ұнататындарыңды сұраңдар. Бір-біріңе жылы сөз айтыңдар, дос болуға шақырыңдар.

**Есте сақта!**

Ара мен құмырсақ жанды табиғатқа жатады. Олар өте кішкентай. Сондықтан оларды «жәндік» деп атайды. Жәндікте тамақ жейді, өседі.

7-сабақ ҚҰСТАР – БІЗДІН ДОСЫМЫЗ

*Біздің дос+тар+ымыз
Сендердің дос+тарың
Олардың дос+тары*

*Мен қорғаймын
Сен қорғайсың
Ол қорғайды*

Жаңа сөздер

құстар
қорғайды
көгершін
тоқылдақ
қарлығаш



Дұрыс айт!

құстар
тоқылдақ
[тоқұлдақ]
көгершін
[көгершүн]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



тоқылдақ



қарлығаш



көгершін

Құстар — біздің достарымыз. Олар табиғатты қорғайды.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша тиісті сұрақтарды қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Керекті сөздер: не? нелер? кім? қандай? нені?

1. Тоғайда ... бар?
2. Құстар ... табиғатқа жатады?
3. Құстар ... қорғайды?
4. Құстарды ... қорғайды?
5. 1 сәуір — ... күн?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қарап, сөйлемдерді толықтыр. Суреттердің ретін мәтін мазмұны бойынша белгіле.



... құстарды қорғаймыз.



Құстар ... қорғайды.



1 сәуір — құстар ...



Тоғайда ... бар.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр сөйлемге сұрақ қой.

Құстардың пайдасы көп. Тоқылдақ ағашты қорғайды. Оны «орман дәрігері» деп атайды. Қарлығаш егінді қорғайды. Көгершіндер бұрын хат тасыған. Құстар да жанды табиғатқа жатады.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретке қара. Үлгі бойынша сөйлем құрап айт.

Үлгі: Бұл — көгершін. Ол хат тасиды.

БҰЛ — НЕ?



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Оқы. Жаз.

Құстар —

менің
сенің
оның
біздің
сендердің
олардың
сіздердің
адамның

дос... .



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды кірістіріп, диалог құрыңдар.

- Сен қандай құстарды білесің?
- Құстардың табиғатқа қандай пайдасы бар?
- Құстардың адамға қандай пайдасы бар?
- Саған қандай құс ұнайды?
- Құстар неге жанды табиғатқа жатады?

Кел, жаттайық!

Табиғат осынау
Бай екен, досым-ау.



Есте сақта!

Көгершін, тоқылдақ, қарлығаш —
құстар. Олар — біздің достарымыз.
Құстар табиғатты қорғайды.

8-сабақ Қандай әдемі балапан!

Құс+**тың** балапан+**ы**
 Қарлығаш+**тың** балапан+**дар+ы**
 Көгершін+**нің** балапан+**ы**



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

балапан
 мекендейді
 ұшады
 ұя салады



көгершіннің балапаны



қарлығаштың балапандары



тоқылдақтың балапаны

Құстар ұя салады. Олар жоғары ұшады. Тоқылдақ орманда мекендейді.



Дұрыс айт!

жоғары
 ұя



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Құстар қандай табиғатқа жатады?
2. Нелер жоғары ұшады?
3. Құстар ағаштың басына, үйдің шатырына, қораның төбесіне не істейді?
4. Құстың балапаны қалай өседі?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қарап, сөйлемдерді толықтыр.



... жоғары ұшады.



... үйдің шатырына ұя салады



Бұл — қарлығаштың ...



Құстың балапаны ... өседі.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

- Қандай әдемі балапан! Бұл — ненің балапаны?
- Бұл — тоқылдақтың балапаны.
- Тоқылдақ қайда мекендейді?
- Тоқылдақ орманда мекендейді.
- Тоқылдақ ұясын қайда салады?
- Ол ұясын ағаштың басына салады.
- Тоқылдақты неге «орман дәрігері» деп атайды?
- Себебі ол ағаштарды қорғайды.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретке қара. Сұраққа жауап бер.

Бұл — не? Қай құс ұясын қайда салады?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Оқы. Сөздерді тіркестіріп жаз.

үйдің	бұтағы	қораның	қабырғасы
ағаштың	беті	талдың	төбесі
көлдің	арасы	таудың	етегі
тоғайдың	шатыры	үйдің	басы



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Бұл — ... балапаны». Өзіңе ұнайтын балапанның суретін сал. Төмендегі сөздерді қолданып, оны сипатта.

Қажетті сөздер: сүйкімді, әдемі, жұмсақ, кішкентай, салады, құстың, өседі, ұя салады.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Төмендегі сұрақтарды кірістіріп, диалог құрап жаз.

- Саған қандай құс ұнайды?
- Оның балапаны қандай?
- Ол ұясын қайда салады?
- Ол құстың адамға қандай пайдасы бар?

Кел, жаттайық!

Балапандар сақ екен,
Түсі қардан ақ екен!
Мөлдіреп тұр көздері,
Бейне сурет өздері!



Есте сақта!

Көгершін ұясын үйдің
шатырына салады.
Қарлығаштың балапандары
сүйкімді.

9-сабақ Тырналар жылы жаққа ұшады

Біз құстарды шығарып саламыз
 Сендер құстарды шығарып саласыңдар
 Сіздер құстарды шығарып саласыздар
 Олар құстарды шығарып салады

Жаңа сөздер

тырна
 шығарып салу
 ұшады



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ




Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

тырна
 шығарып саламыз



Күз келді. Тырналар жылы жаққа ұшып кетеді.
 Біз оларды шығарып саламыз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

№	ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
1	Күз келді, күн суытты.		
2	Тырнаның балапаны кішкентай.		
3	Тырналар күзде суық жаққа қайтады.		
4	Тырналар жоғары ұшады.		
5	Біз оларды шығарып саламыз.		



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Мәтінде қай суретке қатысты ақпарат жоқ?



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар.

Бүгін — демалыс. Күн бұлтты. Мен далаға шықтым. Аспанда тырналар ұшып барады. Анау — тырнаның балапаны. Ол үлкен болды. Мен тырналарды жылы жаққа шығарып салдым. Олар қыста жылы жақта мекендейді.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттердің орнына қажетті сөздерді қойып, сөйлемді толықтыр.



күн суытады.



Құстар



ұшады.

1. Жанды табиғат



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Жоғалған дыбыстар» ойыны. Көп нүктенің орнына керекті дыбыстарды қойып айт. Берілген сөздер мен сөз тіркестерін қатыстырып, мәтін құрап жаз.

Қ...стар, таби...ат, д...сы, ..шып кет...ді, қ...рғаймыз, шы...арып салам...з, к...н су...тады, мекенд...йді.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Көп нүктенің орнына жақшаның ішінен тиісті қосымшаны қойып жаз.

Күз (-да, -де, -те) күн суытады. Жапырақ (-дер, -дар, -тар) сарғаяды. Құстар ұшып кете (-сің, -ді, -ды). Құстар — адамның дос (-тары, -ымыз, -сы). Біз құстар (-ді, -ды, -ты) шығарып саламыз. Олар жылы жақта мекендей (-ді, -ды, -ті).



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Ашықхат келді» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Үстел үстіндегі күз, құс бейнеленген ашықхаттарды таңдап алыңдар. Ондағы суреттерді естеріңе сақтап қалыңдар. Мұғалім ашықхаттарды жинап алған соң суреттер бойынша мәтін құраңдар. Қай топтың мәтіні қызық әрі дұрыс болса, сол топ «жеңімпаз» атанады.



Есте сақта!

Күзде күн суытады.
Тырналар жылы жаққа
ұшады. Біз оларды шығарып
саламыз.

10-сабақ ЖЕМ ШАШАМЫЗ

Құстарға жем шашамын
 Құстарға жем шашасың
 Құстарға жем шашасыз
 Құстарға жем шашады

Жаңа сөздер

торғай
 жем шашу



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



ұя жасаймыз

жем шашамыз

Торғайға жем шашамыз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, түсінгеніңді айт.

Тірек сөздер: тырна, қарлығаш, жылы жақ, торғай, көгершін, ұя жасаймыз, жем шашамыз.



Дұрыс айт!

жем шашамыз
 ұя [ұя] жасаймыз



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтіннің мазмұны бойынша сөйлемдерді аяқтап жаз.

1. тырналар, қарлығаштар
2. торғайлар, көгершіндер

3. ұя жасаймыз
4. жем шашамыз



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша «иә», «жоқ» деп жауап беретіндей сұрақ қой.

Мен торғайларға ұя жасаймын. Саша да ұя жасайды. Біз ұяны жоғары ілеміз. Біз құстарға жем шашамыз, су береміз. Құстар жанды табиғатқа жатады. Біз табиғатты қорғаймыз.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөйлемдерді суреттермен сәйкестендір.



Күз келді.
Мен қарлығашты жақсы көремін.
Анна құстарға жем берді.
Мен ұя жасадым.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Досыңмен бірге саябаққа келдің. Жасаған ұяларың туралы сөйлесіңдер. Құстарға жем шашып, су бергендеріңді айтыңдар.



Есте сақта!

Біз торғайларға ұя жасаймыз. Ұяны жоғары ілеміз. Құстарға жем шашып, су береміз.

11-сабақ Үй құстары

Мынау — үйрек.
Мынау — қаз. Мынау — тауық.
Бұлар — үй құстары.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

үйрек
тауық
қаз
үй құстары
әтеш
төмен



үйрек

қаз

тауық

әтеш

Бұлар — үй құстары. Үй құстары төмен ұшады.



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша сұрақтар қойып, сөйлемдерді толықтырып жаз.

Керекті сөздер: не? нелер? кім? қалай? неге?

1. Атамның қорасында ... бар?
2. Үй құстарына ... жатады?
3. Олар ... жатады?
4. Үй құстары ... ұшады?
5. ... құстарға ұя жасады?



Дұрыс айт!

үйрек [үйрөк]
қаз
тауық [тауұқ]
әтеш
үй құстары
[үй ғұстары]
төмен [төмөн]



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретке қара. Сөйлемдерді толықтыр.



Атамның ... үй құстары бар.



Үй құстары: ..., ..., ..., ..., ...



Үй құстары ... ұшады.



Біз үй құстарына ...



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

- Әлібек, мынау — қандай құстар?
- Мынау — не?
- Мынау — не?
- Мыналар ше?

- Бұл — үй құстары.
- Бұл — үйрек.
- Бұл — тауық.
- Мынау — қаз. Анау — әтеш.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек пен Анна не туралы сөйлесті?
2. Үй құстары қайда жүреді?
3. Балалар қандай үй құстарын көрді?



ЖАЗЫЛЫМ


5-тапсырма. Төмендегі сөздерді қатыстырып, мәтін құрап жаз.

Ауыл, ата, әже, үй құстары, қаз, аула, үйрек, тауық, үлкен, жем шашу, су беру.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Қандай құс?» ойыны. Топқа бөлініңдер. Текшені кезекпен лақтырып, шаршы тақтаның бетіндегі сурет бойынша үй құстары мен оған қатысты заттарды атау керек. Бір минуттың ішінде қай топ көп әрі дұрыс айтса, сол топ жеңіске жетеді.



Кел, жаттайық!

Қазым, қазым, қаңқылда,
Суда жүзіп саңқылда.
«Қарным ашты!» — дейсің бе?
Жем шашайын, жейсің бе?



Есте сақта!

Бұл — үй құстары.
Олар аулада жүреді.
Мынау — қаз.
Мынау — үйрек.
Мынау — тауық.

12-сабақ Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



ЖАЗЫЛЫМ

1-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, «Жанды табиғат» тақырыбында мәтін құрап жаз.

Тірек сөздер: жанды табиғат, жануарлар, өсімдіктер, құстар, жәндік, өседі, өзгереді, ұшады.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



2-тапсырма. Өзіңе ұнайтын бірнеше жан-жануардың суретін сал. Олардың жанды табиғаттың қай түріне жататынын кесте түрінде жаз.

ЖАНДЫ ТАБИҒАТ			
үй жануарлары	аңдар	құстар	жәндік



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жанды табиғаттың өздерің қалаған бір түрі туралы диалог құрыңдар.

Білгенге маржан

Кішкене ғана бойы бар,
Айналдырып киген тоны
бар.



(Қой)

Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

Оқушы, бұл модульде:

- баяу әрі анық айтылған, жиі қолданылатын сөздер мен сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндердегі сөйлемдердің мазмұнын түсінуді;
- тыңдаған материал бойынша сұрақтарға жауап беруді;
- белгілі бір тақырып бойынша әңгімелесуді;
- тірек сөздер, сызбалар мен суреттерді пайдаланып, мәтін құрауды;
- орфографиялық сөздікке сүйеніп, жаңа сөздерді дұрыс жазуды;
- үлгі бойынша жай сөйлем құрауды **үйренесің**.

1-сабақ «Жақсы» деген немене?

Мен еңбекқор-**мын** / ақылды-**мын**
 Сен еңбекқор-**сың** / ақылды-**сың**
 Сіз еңбекқор-**сыз** / ақылды-**сыз**
 Ол еңбекқор / ақылды

Мен мейірімді-**мін** / сыпайы-**мын**
 Сен мейірімді-**сің** / сыпайы-**сың**
 Сіз мейірімді-**сіз** / сыпайы-**сыз**
 Ол мейірімді / сыпайы

Жаңа сөздер

еңбекқор
 ақылды
 мейірімді
 үлгілі
 тентек



Оқылым Айтылым



Оқы. Қайтала.




Дұрыс айт!

еңбекқор
 ақылды
 мейірімді
 үлгілі
 [үлгүлү]



мейірімді



еңбекқор



үлгілі



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Қай сурет мәтіннің мазмұнына сәйкес? Айтып бер.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаңа сөздерді тап.

Менің досым ауылда тұрады. Ол еңбекқор, ақылды. Ата-анасына көмектеседі. Сабақты жақсы оқиды. Ол аяғы сынған құсқа көмектесті. Ол — мейірімді бала.



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мен ақылды... . Мен мейірімді... .
 Сен еңбекқор... . Сен үлгілі... .
 Сіз ақылды... . Сіз мейірімді... .
 Ол тентек. Ол ұқыпты.

Тиісті қосымшалар:

-МЫН	-СЫҢ	-МІН	-СІЗ	-СІЗ
------	------	------	------	------



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Диалогті толықтыр.

-
- Менің досым ауылда тұрады.
-
- Ол еңбекқор, ақылды.
-
- Ол ата-анасына көмектеседі.
-
- Сабақты жақсы оқиды.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сурет бойынша бірнеше сұрақ дайында. Көршіңнен сұра.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Мектептің ауласынан аяғы сынған күшікті көрдің. Не істейсің?



Есте сақта!

Мен еңбекқормын.
Сен ақылдысың.
Сіз ұқыптысыз.
Ол мейірімді.

2-сабақ «Жаман» деген немене?

Мен жалқау-**мын** / жалқау емес-**пін**
 Сен жалқау-**сың** / жалқау емес-**сің**
 Сіз жалқау-**сыз** / жалқау емес-**сіз**
 Ол жалқау / жалқау емес

Мен ерке**мін** / ерке емес**пін**
 Сен ерке**сің** / ерке емес**сің**
 Сіз ерке**сіз** / ерке емес**сіз**
 Ол ерке / ерке емес



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Жаңа сөздер

жалқау /
 жалқау емес
 еріншек
 ерке
 жаман
 таста



Дұрыс айт!

жалқау
 еріншек
 ешкім



ерке
 еріншек

шашып
 тастау



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Суретті пайдаланып, мәтіннің мазмұнын айтып бер. Мәтінге тақырып қой.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұраққа жауап бер. Жалқаубек қандай? Әлібек қандай?

Жалқаубек — жалқау бала. Ол сабақ оқымайды. Киімдерін шашып тастайды. Оның бөлмесі лас.

Әлібек жалқау емес. Ол сабақты жақсы оқиды. Оның бөлмесі таза. Ол еріншек емес.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қарап, сөйлем құра.



Ол _____.



Ол _____.




Ол _____.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Диаграмманы толықтырып жаз.



2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Диалогті толықтыр.

— Жалқаубек — қандай бала?

—

— Оны бәрі қалай атайды?

—

— Сенің досың жалқау ма?

—

— Досың сабақты қалай оқиды?

—



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Сурет бойынша әңгіме құра.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. «Кім жылдам?» ойыны.

Бір оқушы қалған оқушыларға:

«Не жақсы?» немесе «Не жаман?»

— деп, допты лақтырады. Допты қағып алған оқушы сұраққа тез жауап беруі керек.



Есте сақта!

Мен ерке емеспін. Мен жалқау емеспін.

Ол бөлмесін жинамайды.

Ол еріншек.

3-сабақ

Әлібек – әдепті бала

Мен әдепті баламын / Біз әдепті баламыз
 Сен әдепті баласың / Сендер әдепті баласыңдар
 Сіз әдепті баласыз / Сіздер әдепті баласыздар
 Ол — әдепті бала / Олар — әдепті балалар

Мен алғыс айт+ты+м
 Сен алғыс айт+ты+ң
 Сіз алғыс айт-ты+ңыз
 Ол алғыс айт+ты

Жаңа сөздер

әдепті/әдепсіз
 алғыс айту
 мінез
 келесі
 міну
 әдет
 тілазар




ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Әдепті бала

Әдепсіз бала



Дұрыс айт!

әдепті /әдепсіз
 алғыс айту
 [алғыс айтұу]
 мінез
 келесі
 міну [мінүү]
 әдет
 тілазар
 теріс қылық



ТЫҢДАЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Жаңа сөздерді жаз.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлібек пен Марат киноға барды. Үйлеріне автобуспен қайтты. Келесі аялдамадан автобустқа әжей мінді. Марат орын бермеді. Әлібек орнынан тұрып:
 — Әже, мына жерге отырыңыз! — деді.
 Әжей Әлібекке:
 — Өркенің өссін, балам! Әдепті бала екенсің! — деп, алғыс айтты.

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұраққа жауап бер.

Әлібек пен Марат қайда барды?
 Автобусқа кім мінді?
 Марат не істеді?
 Әлібек не істеді?
 Әжей не деді?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Тиісті қосымшаларды жалғап жаз.

Әлібек пен Марат кино (-ге, -қа, -ға) барды. Олар автобус (- мен, -бен, -пен) қайтты. Аялдама (-тен, -дан, -нан) әжей мінді. Әлібек әжей (-ға, -ке, -ге) орын берді.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.

Мінезімнен	жалқау болсаң,	жақсылыққа жатпайды.
Ондай	үлкендер	таппайды.
Егер сен	әдет	«әдепті» деп мақтайды.
Мені	теріс қылық	тілазар.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Көшеде ауыр сөмкесі бар әжей кетіп бара жатыр. Оны бір бала қағып кетті де әжейдің сөмкедегі заттары шашылып қалды. Сен не істейсің? Балаға не дейсің?



Есте сақта!

Мен әдепті баламын.
 Әжейге орын беремін.
 Үлкендерге жол беремін.

4-сабақ

Ол — ұқыпты оқушы

Мен ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**мын**
 Сен ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**сың**
 Сіз ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**сыз**
 Ол — ұқыпты / ұқыпсыз оқушы

Біз ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**мыз**
 Сендер ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**сыңдар**
 Сіздер ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**сыздар**
 Олар — ұқыпты / ұқыпсыз оқушы**лар**

Мен кешіг+е+**мін** / кешік-пе+й+**мін**
 Сен кешіг+е+**сің** / кешік-пе+й+**сің**
 Сіз кешіг+е+**сіз** / кешік-пе+й+**сіз**
 Ол кешіг+е+**ді** / кешік-пе+й+**ді**

Жаңа сөздер

ұқыпты/ұқыпсыз
 көтер
 өз



Дұрыс айт!

ұқыпты/ұқыпсыз
 [ұқыптұ/ұқыпсұз]
 кешік



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.




ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда.
 Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек — қандай оқушы?
2. Оның кітап, дәптерлері қандай?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

.... — ұқыпты оқушы. Ол ... кешікпейді. Әлібектің кітаптары

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Диалогті толықтыр.

- | | |
|--------------------------|-----------------------------|
| — | — Әлібектің кітаптары таза. |
| — Әлібек — ұқыпты оқушы. | — |
| — | — Жалқаубек ұқыпсыз. |



ОҚЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Біздің мектепте «Сыныптағы ең ұқыпты оқушы» байқауы болды. Әділқазылар біздің кітап, дәптерімізді тексерді.


Әлібек «Сыныптағы ең ұқыпты оқушы» байқауының жеңімпазы болды. Ол өте ұқыпты. Ол кітаптарын өзі қаптайды. Інісіне көмектеседі. Оның сөмкесін көтереді.

1. Мектебінде «Сыныптағы ең ұқыпты оқушы» деген байқау бола ма?
2. Сыныптағы ең ұқыпты оқушы — кім?
3. Сенің кітап, дәптерлерің таза ма?



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Диаграмманы толтыр.





АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. «Кім — ұқыпты оқушы?» ойыны. Текшені кезекпен лақтырып, тақта бетіндегі сурет бойынша ұқыпты оқушыны атаңдар. Бір минуттың ішінде қай топ көп әрі дұрыс атаса, сол жеңіске жетеді.



Кел, жаттайық!

Мен ұқыпты баламын,
Орнында кітап, қаламым.
Салып алып сөмкеме,
Мектебіме барамын.



Есте сақта!

Әлібек ұқыпты.
Жалқаубек ұқыпсыз.
Мен сабаққа
кешікпеймін.
Менің кітабым таза.

5-сабақ Әнел ақылды

Мен ақылды**мын** / Біз ақылды**мыз**
 Сен ақылды**сың** / Сендер ақылды**сыңдар**
 Сіз ақылды**сыз** / Сіздер ақылды**сыздар**
 Ол ақылды / Олар ақылды

Біз шула+**й+мыз** / шула+**ма+й+мыз**
 Сендер шула+**й+сыңдар** / шула+**ма+й+сыңдар**
 Сіздер шула+**й+сыздар** / шула+**ма+й+сыздар**
 Олар шула+**й+ды** / шула+**ма+й+ды**

Жаңа сөздер

әрқашан
 сыпайы
 шула
 бөліс

Дұрыс айт!

әр**қ**ашан
 [әр**ғ**ашан]
 сыпайы
 шу**л**a [ш**ұ**ула]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



ақылды



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Бұл — не?
 Кітапхана қандай?
 Кітапханашы — қандай кісі?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әнел — ақылды оқушы. Ол кітапты көп оқиды. Кітапханаға жиі барады. Ол оқыған кітабы туралы достарына айтады. Олармен ой бөліседі. Мен де достарыммен кітапханада сабаққа дайындаламын. Кітапханада қатты сөйлеуге, шулауға болмайды.

**АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

- Әнел қандай?
- Әнел қайда жиі барады?
- Ол нені көп оқиды?
- Кітапханада не істеуге болмайды?

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма. Жақша ішіндегі қажетті сөздерді пайдаланып, сөйлемді жаз.**

Мен достарыммен кітапханаға (отырамын, жинаймын, барамын). Әнел (ауылға, кітапханаға, киноға) жиі барады. Ол (дәптерді, кітапты, қағазды) көп оқиды. Кітапханада (тамақ ішуге, шулауға, ойнауға) болмайды.

**ЖАЗЫЛЫМ****5-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, сөйлем құра.**

Мектептің	автобусқа	көп кітап	айтып береді.
Аялдамадан	достарыммен	қызықты әңгіме	барамын.
Ол	кітаптың	бетін	мінді.
Мен	бізге	әжей	сызады.
Жалқаубек	кітапханасында	кітапханаға	бар.

**АЙТЫЛЫМ****6-тапсырма. «Таусылмайтын сөйлем» ойыны. Екі топқа бөлініңдер. Бірінші топ сұрақ қояды. Екінші топ сұраққа жауап береді.**

Ескерту: ойын кезекпен ойналады. Ең көп сөйлем құраған немесе ең көп сұрақ қойған топ «жеңімпаз» атанады.

Үлгі:

- Бұл — не?
- Бұл — кітапхана.
- Кітапханада не бар?
- Кітапханада кітап бар.
- Кітапханада қанша кітап бар?
- Кітапханада көп кітап бар.

**Есте сақта!**

Әнел ақылды.
Ол кітапты көп оқиды.
Мен кітапханаға барамын.
Кітапханада шулауға
болмайды.

6-сабақ Қайырымды бала

Мен қайырымды-**мын**
 Сен қайырымды-**сың**
 Сіз қайырымды-**сыз**
 Ол қайырымды

Жаңа сөздер

қайырымды
 қарсы



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

қайырымды
 қарсы



қайырымды бала



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
Жапырақтар сарғайды.		
Күн жылы.		
Құстар жылы жаққа ұшып кетті.		
Құстарға ұя жасамаймыз.		



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Әр қатардағы артық сөзді тап. Неге артық екенін айт.

- Қайырымды, әдепті, ұқыпты, еріншек.
- Жалқау, мақтаншақ, ұқыпсыз, ақылды.
- Міну, алғыс айту, шула, ерке.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтінді оқы.

Әлібек күшігімен бақшаны аралады. Ол жерде жатқан торғайдың балапанын көрді. Оның қанаты сынып қалыпты. Өзі қатты тоңыпты. Әлібек торғайды көтеріп алды. Үйіне алып келді. Оған жем берді. Әлібек — қайырымды бала.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Жақшаның ішіндегі қажетті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.

1. Әлібек күшігімен (киноны, бақшаны, даланы) аралады. 2. Торғайдың (басы, аяғы, қанаты) сынып қалыпты. 3. Әлібек (күшікті, тырнаны, торғайды) көтеріп алды.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретке қарап, сөйлемді толықтыр.

Күзде		сарғаяды.	
Әлібек		көрді.	
Әлібек	торғайға		берді.



Есте сақта!

Әлібек — қайырымды бала. Ол қанаты сынған балапанды үйіне алып келді. Оған жем берді.

7-сабақ

Еріншектің ертеңі бітпес

Мен құямын/жинаймын
 Сен құясың/жинайсың
 Сіз құясыз/жинайсыз
 Ол құяды/жинайды

Біз құямыз/жинаймыз
 Сендер құясыңдар/жинайсыңдар
 Сіздер құясыздар/жинайсыздар
 Олар құяды/жинайды

Жаңа сөздер

қоқыс
 оңай
 қиын
 қарны ашу
 ертеңге қалдыру



Дұрыс айт!

оңай
 қиын [қыйын]
 қарны ашу
 [қарнашұу]
 қалдыру
 [қалдырұу]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



**ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ****1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жаңа сөздерді айт.****ОҚЫЛЫМ****2-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Анасы:

— Қадиша, гүлге су құйшы, — деді.

Қадиша:

— Ертең құямын, — деді.

— Қадиша, қуыршақтарыңды жинашы, — деді анасы.

Қадиша:

— Ертең жинаймын, — деді.

Қадиша анасына:

— Апа, тамақ ішемін. Қарным ашты! — деді.

Анасы:

— Тамақты ертең істеймін, — деді.

— Апа, теледидар қосшы, кино көремін, — деді Қадиша.

— Теледидарды ертең қосамын. Киноны ертең көресің, — деді анасы.

— Апа, «ертең-ертең» дейсіз. Бүгін тамақ ішпеймін бе? Кино көрмеймін бе?

— деп, Қадиша жылады.

— Неге жылайсың? Сен гүлге суды ертең құясың. Қуыршақтарыңды ертең жинайсың. Мен де сенен үйрендім. Ендеше, жұмысты ертеңге қалдырма, — деді анасы.

Қадиша ойланды.

М. Төрежанов

1. Анасы Қадишаға не деді?

2. Қадиша қалай жауап берді?

3. Қадиша қандай қателік жіберді?


4. Сен Қадишаның орнында болсаң, не істер едің?

**ЖАЗЫЛЫМ****3-тапсырма. Жақша ішіндегі тиісті сөздерді қойып, сөйлемді жаз.**

Қадиша, (талға, гүлге, ағашқа) су құйшы. Апа, қуыршақтарымды (ертең, бүгін, таңертең) жинаймын. Апа, (шырын, тамақ, ботқа) ішемін.

**АЙТЫЛЫМ**

4-тапсырма. Суретті пайдаланып, әңгіме құра. Қадиша мен жалқау мысықтың әрекетін салыстыр.

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

Мен гүлге суды ертең құя... Мен үйді ертең жинай...
 Сен бүгін құя... Сен киноны ертең көре...
 Сіз таңертең құя... Сіз қуыршақты ертең жинай...
 Ол ертең құя... Ол бүгін кино көре...
 Біз бүгін құя... Біз тамақты ертең істей...
 Сендер ертең құя... Сендер үйді бүгін жинай...
 Сіздер таңертең құя... Сіздер тамақты ертең істей...
 Олар ертең құя... Олар бүгін үй жинай...

Тиісті қосымшалар:

-мын	-сың	-сің	-ді	-мыз
-сыңдар	-сыздар	-сіздер	-ды	-міз

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. Анаң інің/қарындасың екеуіңе үйді жинап қоюды тапсырды. Бірақ ініңнің/қарындасыңның көмектескісі келмейді. Не істейсің? Оны үй жинауға қалай көндіресің?

**Есте сақта!**

Қадиша еріншек. Ол барлық жұмысты ертеңге қалдырады. Бүгінгі жұмысты ертеңге қалдыруға болмайды.

8-сабақ АЗҒА ҚАНАҒАТ ЕТ

Мен апар+а+**мын** / Біз апар+а+**мыз**
 Сен апар+а+**сың** / Сендер апар+а+**сыңдар**
 Сіз апар+а+**сыз** / Сіздер апар+а+**сыздар**
 Ол апар+а+**ды** / Олар апар+а+**ды**

Жаңа сөздер

таға
 ұста
 апар
 ереже



Оқылым АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

таға
 ұста



Тыңдалым АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

Ол демалыста қайда барады?
 Кімге көмектеседі?
 Ол інісіне не үйретеді?

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

**ОҚЫЛЫМ****2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.**

Бір адам жолда ескі тағаны көріп:

— Балам, анау тағаны алшы! — дейді.

— Әке, ескі таға ғой, пайдасы жоқ, — деп, бала тағаны алмайды.

Әкесі тағаны өзі алады.

Әкесі ескі тағаны ұсталарға үш тиынға сатады. Шиесі сатып алады.

Әкесінің қолынан бір шиесі жерге түседі. Бала шиесі жерден алып, жейді. Ол жерге түскен шиесі он рет алып жейді. Әкесі баласына:

— Көрдің бе: «Пайдасы жоқ!» — деп, тағаны алмадың. Шиесі он рет алдың.

Есіңде болсын: аз жұмысты қиынсыңсаң — көп жұмысқа тап боласың, азға қанағат ете алмасаң — көптен құр қаласың, — дейді.

Ы. Алтынсарин

**АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма. <https://yandex.ru> сайтынан «Әке мен бала» мультфильмін көр. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Әкесі жолдан не тауып алды?

2. Бала тағаны алды ма?

3. Әкесі тағаны кімге сатты?

4. Әкесі не сатып алды?

5. Бала шиесі қалай жеді?

6. Әкесі баласына не деді?





**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****4-тапсырма. Оқы. Ақпараттың дұрыстығын тексер.**

ақпарат	дұрыс	дұрыс емес
— Балам, анау тағаны алшы! — дейді.		
Бала тағаны өзі алады.		
Он тиынға шиесі сатып алады.		
Әкесі тағаны ұсталарға сатады.		
Көрдің бе: «Пайдасы жоқ!» — деп, тағаны алмадың. Шиесі он рет алдың.		



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Диаграмманы толтыр. Өткен сабақтағы Қадиша мен баланы салыстыр. Олардың әрекетінде қандай ұқсастық бар?



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Диалогті толықтыр.

- Қадиша анасына көмектесті ме?
-
- Ол қуыршақтарын жинады ма?
-
- Бала әкесінің айтқанын тыңдады ма?
-

- Ол жерден не алып жеді?
-
- Қадишаның анасы не деді?
-
- Баланың әкесі қандай ақыл айтты?
-



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Суреттерді пайдаланып, сөйлем құра.



Есте сақта!

Бала жерден тағаны алмады. Ол әкесінің айтқанын тыңдамады. Демалыста ауылға барамын. Атама көмектесемін.

9-сабақ Мейірімді Нұрай

Мен сындырып алдым / көмектесемін
 Сен сындырып алдың / көмектесесің
 Сіз сындырып алдыңыз / көмектесесіз
 Ол сындырып алды / көмектеседі

Жаңа сөздер

сындырып алу
 сынған



Дұрыс айт!

көмөктесуу
 сынған
 [сынған]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



көмектесу

сындырып алу

сынған ыдыс



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Тірек сөздерді қолданып, мәтіннің мазмұнын айт.

Тірек сөздер: жексенбі, көмектесті, шаңын сүртті, су құйды, жуды, риза болды.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.

1. Зере анасына көмектес... . 2. Ол гүл... су құйды. 3. Ыдыс... жуды. 4. Сен ыдысты сындырып ал... . 5. Әкесі таға... үш тиынға сатты.

Тиісті қосымшалар:

-ге

-ты

-ті

-дың

-ны

**ОҚЫЛЫМ****3-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Нұрай — өте мейірімді қыз. Ол бүгін әжесіне көмектесті. Ыдысты жуды. Бір ыдысты сындырып алды. Нұрай сынған ыдысты әжесіне берді. Әжесі:

— Кім сындырды? — деп сұрады.

— Мен, — деді ол.

Нұрай оған жылады.

— Жылама, құлыным! Сен өтірік айтпадың. Шындықты айттың. Сен ақылдысың, — деді әжесі.

М. Базарбайқызы

**АЙТЫЛЫМ****4-тапсырма. Диалогті толықтыр.**

— Нұрай — қандай қыз?

—

— Ол кімге көмектесті?

—

— Ол нені сындырып алды?

—

— Қандай балалар өтірік айтпайды?

—

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Жағдаят: інің үстел үстінде тұрған әдемі құмыраны сындырып алды. Ешкімге айтпай, қоқыс жәшігіне тастай салды. Сен оның құмыраны сындырғанын көрдің. Не істейсің?

**Есте сақта!**

Нұрай әжесіне көмектесті. Ол — мейірімді әрі ақылды қыз. Ол өтірік айтпайды.

10-сабақ Шебер бала

Мен шебер**мін**
 Сен шебер**сің**
 Сіз шебер**сіз**
 Ол — шебер

Мен айырбастап ала**мын**
 Сен айырбастап ала**сың**
 Сіз айырбастап ала**сыз**
 Ол айырбастап ала**ды**

Мен ренжи**мін** / ренжі**ме**й**мін**
 Сен ренжи**сің** / ренжі**ме**й**сің**
 Сіз ренжи**сіз** / ренжі**ме**й**сіз**
 Ол ренжи**ді** / ренжі**ме**й**ді**

Жаңа сөздер

шебер
 қызығу
 айырбастап алу
 шырпы қораптары
 қауіпті
 қате
 ренжі
 рас

Дұрыс айт!

қызы**ғу**
 қорап
 қауі**пті**
 [қәу**п**тү]
 қате [қә**те**]
 ренжі



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

қауіпті



шырпыдан жасалған үй



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Сұхбатты тыңда. Жаңа сөздерді тап.



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Мырзабек — шебер бала. Ол ойыншықтың бәрін өзі жасайды.
 Ол шырпы қораптарынан әдемі үй жасады. Иманбек бұл ойыншыққа қатты қызықты. «Не беріп айырбастап алсам екен?» — деп ойлады.
 Ол Мырзабекке:
 — Мен саған добымды берейін. Сен маған ойыншық үйінді берші, — деді.
 Мырзабек допты алмады. Ол Иманбекке ойыншық үйді берді.
 — Мен өзіме тағы жасап аламын, — деді Мырзабек.
 Иманбек:
 — Рақмет! — деп, қуанды.

М.Төрежанов



ЖАЗЫЛЫМ

3-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

Мен шебер... . Мен ұқыпты... . Мен ренжи... .
 Сен шебер... . Сен мейірімді... . Сен ренжи... .
 Сіз шебер... . Сіз ақылды... . Сіз ренжи... .
 Ол шебер. Ол ренжиді.

Тиісті қосымшалар:

-МЫН	-МІН	-СІҢ	-СІЗ	-СЫЗ
------	------	------	------	------



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Диалогті толықтыр.

—	—
— Мырзабек — шебер бала.	— Ол шырпының қораптарынан әдемі үй жасады.
—	—
— Ол ойыншық жасайды.	— Ол ойыншығын Иманбекке берді.
—	
— Ол ойыншықты шырпының қорабынан жасайды.	



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Жақшаның ішіндегі тиісті сөздерді қойып жаз.

Шырпының қорабын (оттың, терезенің, партаның) жанына қойма. Мырзабек — (жалқау, шебер, еріншек) бала. Ол шырпының қораптарынан (доп, үй, кітап) жасады. Иманбек бұл (дәптерге, ойыншыққа, қаламға) қатты қызықты.

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суреттердің орнына сөздерді қойып айт.

Мырзабек



Нұрасыл

шырпылардан



жасады.

Ертөре



Әлібек



Есте сақта!

Мырзабек — шебер бала. Ол шырпы қораптарынан ойыншық жасайды. Ол шырпы қораптарынан әдемі үй жасады.

11-сабақ Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқы. Жаттап ал.

Мен тәртіпті баламын

Мен тәртіпті баламын,
Айтқан тілді аламын.
Апам нанға кеткенде
Үйде ойнап қаламын.


Шкафтарды ашпаймын,
Кітаптарды шашпаймын.
Текшелерден үй жасап,
Қызық ойын бастаймын.

Ө. Тұрманжанов



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Сұраққа жауап беріп, диаграмманы толтыр.



2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

**АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Сенің досың қандай?
2. Ол ата-анасына көмектесе ме?
3. Жалқаубек қандай?
4. Ол бөлмесін жинай ма?
5. Әлібек пен Марат қайда барды?
6. Әлібек — қандай бала?
7. Әлібектің кітаптары қандай?
8. Әнел қайда жиі барады?
9. Әнел ақылды ма?
10. Қадиша — қандай қыз?
11. Мырзабек — қандай бала?
12. Нұрай — қандай қыз?

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны қойып жаз.**

1. Мен тәртіпті бала... , айтқан тілді ала... . 2. Менің дос... ауылда тұрады.
3. Қуыршақтарымды ертең жинай... . 4. Тағаны жерден ал... .

Тиісті қосымшалар:

-МЫН

-ЫМ

-ДЫМ

**ЖАЗЫЛЫМ****5-тапсырма. Берілген сөздерді пайдаланып, сөйлем құра.**

Еңбекқор, еріншек, жалқау емес, шырпы қораптары, ренжімейді, рас, оңай, қиын, көтер.

**АЙТЫЛЫМ**

6-тапсырма. «Менің досым» деген тақырыпта фотоколлаж дайында. Досыңның қандай бала екенін айт.

Білгенге маржан

Жақсының аты өлмейді,
Ғалымның хаты өлмейді.

Жақсы адам жолдасынан белгілі.

Жақсыдан үйрен, жаманнан
жирен.



Оқушы, бұл модульде:

- уақыт, ай, жыл мезгілдеріне қатысты сөздерді дұрыс қолдану;
- жыл мезгілдерінің ерекшелігін сипаттау;
- диалог құру;
- өз күн тәртібінді айту;
- сурет бойынша әңгіме құрауды **үйренесің**.

Жаңа сөздер

сағат неше?
тура
қалды
кетті

1-сабақ

Сағат он екі болды

Менің сағатым
Сенің сағатың
Сіздің сағатыңыз
Оның сағаты



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

Он минут қалды/кетті.



бір

екі

үш

төрт

бес

алты

жеті

сегіз

тоғыз

он

он бір

он екі



Сағат тоғыз болды.
Сағат он екі болды.
Сағат тура жеті болды.

Бір+ге бес минут қалды.



Тоғыз+дан он минут кетті.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әнел кіммен сөйлесті?
2. Сағат неше болды?
3. Әлібек мектепке нешеде барады?



Дұрыс айт!

сағат
жеті
тоғыз [тоғыз]
болды [болдұ]



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерге қара, оқы.



Мынау — менің сағатым.
Сағатым он екі болды.
Мен кітап оқимын.

Мынау — менің сағатым.
Сағатым екіге он минут
қалды. Мен тамақ ішемін.




Мынау — менің сағатым.
Сағатым оннан он минут кетті.
Мен футбол ойнаймын.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сандарды сөзбен айт. Сұрақтарға жауап бер.

САҒАТ НЕШЕ БОЛДЫ?





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Оқы. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаны жалғап жаз.

I. Менің ат... — Әлібек. Мен үшін... сыныпта оқи... . Сағат сегіз болды.

Мен мектепке бара

II. Інім... аты — Ғабит. Ол бес... . Сағат тоғызға он минут қалды. Ол

балабақша... барады.

Тиісті қосымшалар:

-мын	-нің	-ші	-ым	-ға	-ме
------	------	-----	-----	-----	-----



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Үлгі бойынша диалог құрыңдар. Досыңнан не істейтінін сұра.

Үлгі: — Самат, сағат сегіз болды. Сен не істейсің?

— Мен мектепке барамын.



Сағат 9:00



Сағат 13:00



Сағат 16:00



Сағат 18:00

Кел, жаттайық!

Сағат — уақыт бөлшегі,
Сағат — өмір өлшемі.
Пайдалансаң дұрыстап,
Адастырмас ол сені.



Есте сақта!

Сағат неше болды?
Сағат сегіз болды.
Мен мектепке барамын.

2-сабақ Сағат жетіде тұрамын

Сағат жетіде тұрамын.
Сен нешеде тұрасың?
Ол нешеде тұрады?
Мен таңертең жаттығу жасаймын.

Жаңа сөздер

таңертең
жарым
жуыну
жаттығу жасау



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Мен таңертең жетіде тұрамын. Жуынамын. Жеті жарымда тамақ ішемін.



ТЫҢДАЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Әлібек нешеде тұрады? Ол не істейді?




ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Мәтін мазмұны бойынша төмендегі әрекеттерді нешеде орындайтыныңды сызбаға сүйеніп айт.

Мен таңертең жетіде тұрамын. Жаттығу жасаймын. Жеті жарымда жуынамын. Сегізде тамақ ішемін. Тоғызда үй тапсырмасын орындаймын. Он бірде теледидар көремін. Сағат бірден кеткенде мектепке барамын.



ОҚЫЛЫМ

3-тапсырма. Сөздерді сәйкестендіріп, оқы.

бірден	кеткенде	}	ойнаймын.
екіде			тамақ ішемін.
үште			теледидар көремін.
төртте			жаттығу жасаймын.
Мен бесте			кітап оқимын.
алтыда			тұрамын.
жеті жарымда			жуынамын.
сегізде			үйге келемін.
тоғызда		мектепке барамын.	



Дұрыс айт!

таңертең
[тәңертең]
тұрамын
жуыну [жұуұнұу]
жаттығу
[жаттығуу]



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттерге қарап, Әлібектің не істейтінін айт.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұрақтарға жауап жаз.


- 1) Сен таңертең нешеде тұрасың?
- 2) Сен нешеде тамақ ішесің?
- 3) Сен нешеде мультфильм көресің?
- 4) Сен нешеде футбол ойнайсың?



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суреттерге қарап, үлгі бойынша диалог құрыңдар.

- Үлгі: — Сағат бір болды. Саша ұйықтап жатыр. Дұрыс па?
 — Дұрыс емес.
 — Сағат жеті болды. Саша жаттығу жасап жатыр. Дұрыс па?
 — ...





Кел, жаттайық!

Жетіде тұрған баланың
Болады ісі өнімді.
Күн менен апта, қарағым,
Өтеді сонда көңілді.



Есте сақта!

Сен таңертең нешеде
тұрасың? Мен таңертең
жетіде тұрамын.

3-сабақ Ерте ұйықтаймын

Сен қашан тұрасың?
 Сен түске дейін не істейсің?
 Сен түстен кейін не істейсің?
 Сен кешке не істейсің?

Жаңа сөздер

қашан?
 дейін
 кейін
 кешке
 ерте
 кеш



Оқылым Айтылым



Оқы. Қайтала.



Мен түске дейін мектепке барамын.



Сен түстен кейін биге/күреске барасың.



Ол кешке футбол ойнайды.



Сіз ерте/кеш жатасыз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, жауап бер.

1. Саша нешінші сыныпта оқиды?
2. Ол кешке дейін не істейді?
3. Оның әрекеті дұрыс па?



Дұрыс айт!

қашан?
түсте [түстө]



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.

Мен таңертең **ерте** тұрамын. **Түске дейін** мектепке барамын. Сағат **бірде** үйге келемін. Тамақ ішемін. **Түстен кейін** сабақ оқимын. Теледидар көремін. **Сегізде** тамақ ішемін. **Кешке ерте** ұйықтаймын. Сен **ерте** ұйықтайсың ба, **кеш** ұйықтайсың ба?



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сағат неше болды? Бұл — қай кез? Сен не істейсің? Жауап бер.



ерте



кеш



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Кесте бойынша бір-біріңе сұрақ қойыңдар, жауап беріңдер.

таңертең

түсте

кешке

↓
ұйқыдан тұрамын
жуынамын
жаттығу жасаймын
мектепке барамын

↓
сабақ оқимын
кітап оқимын
ас ішемін
кітапханаға барамын

↓
үйге барамын
мультфильм көремін
кітап оқимын
сурет саламын



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Тиісті қосымшаны жалғап жаз.

1. Бұл — менің інім. 2. Ол таңертең жеті...(-да, -де) тұрады. 3. Жеті жарым... (-да, -де) тамақ ішеді. 4. Түс...(-те, -ке) дейін мектепке барады. 5. Ол түс...(-кен, -тен) кейін ойнайды.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

Сен таңертең не істейсің?

Сен түске дейін / түсте / түстен кейін не істейсің? Сен кешке не істейсің?

тамақ ішемін

кітап оқимын

мектепке барамын

үйге барамын

дүкенге барамын

ұйықтаймын



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Диалогті толықтырыңдар.

- | | |
|----------------------------------|------------------------------------|
| — Сен таңертең нешеде тұрасың? | — Мен ... 7-де тұрамын. |
| — Сен түске дейін қайда барасың? | — Мен ... мектепке барамын. |
| — Сен түсте не істейсің? | — Мен түсте үйге ... , ... ішемін. |
| — Сен түстен кейін не істейсің? | — Мен |
| — Сенің інің кешке не істейді? | — Менің інім |

Кел, жаттайық!

Қоңырау қағылды
Алғашқы арынды.
Сыныпқа балалар
Кезекпен ағылды.

Нұрлан Нұрқабылов



Есте сақта!

Сен таңертең не істейсің?
Сен түске дейін, түсте,
түстен кейін не істейсің?
Ерте ұйықтаймын.

4-сабақ Менің күн тәртібім

Менің күн тәртібім
Сенің күн тәртібің
Сіздің күн тәртібіңіз
Оның күн тәртібі

Жаңа сөздер

күн тәртібі
таңғы
түскі
кешкі ас



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Менің күн тәртібім:

7:00-де ұйқыдан тұрамын.
7:30-да таңғы ас ішемін.
8:00-де мектепке барамын.
12:00-де түскі ас ішемін.
14:00-де кітапханаға барамын.
15:00-де шахмат ойнаймын.
16:00-де үйге барамын.
17:00-де сабақ оқимын.
19:00-де кешкі ас ішемін.
20:00-де анама көмектесемін.
21:00-де теледидар көремін.
22:00-де ұйықтаймын.



Дұрыс айт!

күн тәртібі
сабақ оқимын
[сабағ оқыймын]
таңғы ас [таңғас],
түскі [түскас],
кешкі ас [кешкас]

**ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ****1-тапсырма. Оқы. Сөздерден сөйлем құрап жаз.**

Үлгі: кешкі + ас ішемін.

Таңертең, түсте, кешке, таңғы, түскі, кешкі, ішемін, ойнаймын, сағат, жаттығу, демаламын, сабаққа барамын, ас, жасаймын.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****2-тапсырма. Оқы. Сенің күн тәртібің осыған ұқсай ма?**

Мынау — менің күн тәртібім.

Мен 7-де тұрамын. Жуынамын, жаттығу жасаймын. Жеті жарымда таңғы ас ішемін. 8-де мектепке барамын. Бірде түскі ас ішемін. 2-де кітапханаға барамын. Үштен кейін шахматқа барамын. 7-де кешкі ас ішемін. Кешке сабақ оқимын.

**АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.**

1. Әлібек жетіде не істейді?
2. Ол нешеде тамақ ішеді?
3. Ол нешеде кітапханаға барады?
4. Ол қашан сабақ оқиды?

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма. 2-тапсырмаға қарап, өз күн тәртібіңді жаз.****АЙТЫЛЫМ****4-тапсырма. Суреттерге қара. Досыңнан күн тәртібін сұра.**

1. Ол нешеде тұрады?
2. Мектепке қашан барады?
3. Түскі асты нешеде ішеді?
4. Түске дейін, түстен кейін не істейді?
5. Кешкі нешеде ұйықтайды?



Кел, жаттайық!

Құлындай ойнайды,
Жүздері жайнайды.
Жігері бойында
Тасқындап қайнайды.
Нұрлан Нұрқабылов



Есте сақта!

Мен таңертең мектепке барамын.
Түсте ас ішемін.
Кешке қарай сабақ оқимын.
Сегізде кешкі ас ішемін.

5-сабақ БОС УАҚЫТ



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

СЕН НЕМЕН
ШҰҒЫЛДАНАСЫҢ?



Мен бимен шұғылданамын.
Лента қолданамын.



Дұрыс айт!

шұҒЫЛдану
[шҰҒҰлданҰу]
қолдану
[қолданҰу]

Біз күресеміз.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Дұрыс жауапты айт.

1. Әлібек мектепке қашан барады?

- а. Әлібек мектепке түстен кейін барады.
- ә. Әлібек мектепке түске дейін барады.

2. Әнел мектепке қашан барады?

- а. Әнел мектепке түске дейін барады.
- ә. Әнел мектепке түстен кейін барады.

3. Әнел немен шұғылданады?

- а. Әнел күреспен шұғылданады.
- ә. Әнел бимен шұғылданады.

4. Әлібек немен шұғылданады?

- а. Әлібек бимен шұғылданады.
- ә. Әлібек күреспен шұғылданады.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Бос уақытта не істейтініңді айт.

Әлібек бос уақытында күреспен шұғылданады. Ол дүйсенбі, сәрсенбі күндері жаттығуға барады. Жаттығу бесте басталады.

Әнел бос уақытында бимен шұғылданады. Ол лента қолданады. Әнел бейсенбі, жұма күндері биге барады. Жаттығу төртте басталады.

Әлібек пен Әнел бос уақыттарын дұрыс пайдаланады. Сен бос уақытыңды дұрыс пайдаланасың ба?



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жұпқа бөлініп, бір-біріңнен бос уақыттарыңда не істейтіндеріңді сұраңдар. Диалог құрыңдар.



Бос уақытта немен шұғылданасың?



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



4-тапсырма. Оқы. Дұрыс жауабын тауып айт.

Әнелдің жаттығуы	↗	төртте	} басталады.
	→	екіде	
	↘	бесте	

Әлібектің жаттығуы	↗	алтыда	} басталады.
	→	екіде	
	↘	бесте	

**АЙТЫЛЫМ**

5-тапсырма. Әлібек қай күні күреске барады? Әнел қай күні биге барады? Тірек сөздерді пайдаланып айт.

Күрес, би, дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі.

**ЖАЗЫЛЫМ**

6-тапсырма. Қажетті сөздерді жаз.

Қажетті сөздер: шұғылданады, бос уақытында, ..., қолданады, ... төртте, бимен.

1. Әлібек күреспен 2. Әлібек күреске барады.
3. Әнел ... шұғылданады. 4. Жаттығу ... басталады. 5. Әнел лента

**АЙТЫЛЫМ**

7-тапсырма. Диалогті рөлге бөліп оқыңдар.



— Әлібек, сен бос уақытыңда не істейсің?

— Мен бос уақытымда спортзалға барамын.

— Әнел, сен бос уақытыңда немен шұғылданасың?

— Мен бос уақытымда анама көмектесемін, кітап оқимын. Сен анаңа көмектесесің бе?

— Әрине, мен анама көмектесемін. Гүл суарамын.

**Есте сақта!**

Мен бос уақытымда анама көмектесемін. Ол бос уақытыңда спортзалға барады.

6-сабақ ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ

Қыста түн ұзақ болады.
Қыста күн қысқа болады.

Жаңа сөздер

жыл
төрт
мезгіл
тәулік



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

ЖЫЛДЫҢ ТӨРТ МЕЗГІЛІ



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. а) Суретке қарап, мәтін не туралы болатынын болжап айт.
ә) Мәтінді тыңда. Мәтін не туралы? Суретті, тірек сөздерді пайдаланып, айт.

Тірек сөздер: Жыл ата, екі ұлы, қызы, он екі ай, бөліп беру.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы. Кестені толтыр.

Әлібек, бір жылда неше мезгіл бар?

— Бір жылда төрт мезгіл бар. Олар: қыс, көктем, жаз, күз.

— Жақсы. Ал бір жылда неше ай бар?

— Бір жылда он екі ай бар. Әнел, бір жылда неше тәулік бар?

— Бір жылда үш жүз алпыс бес (365) тәулік бар. Солай ма, Әлібек?

— Әрине, Әнел. Ал бір тәулікте жиырма төрт сағат бар.

Бір жылда			
сағат	тәулік	ай	мезгіл
бар			



Дұрыс айт!

жылдың төрт мезгілі

қыс

көктем [көктем]

жаз

күз



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Суретке қарап, жылдың төрт мезгілін ата.





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретті пайдаланып, сөйлемді толықтыр.



Жыл атаның Күз, Қыс деген екі ұлы, ... деген екі қызы болыпты.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Сұраққа жауап беріңдер. Диалог құрыңдар.

1. Жылдың неше мезгілі бар?
2. Бір жылда неше ай бар?
3. Бір жылда неше тәулік бар?
4. Бір тәулікте неше сағат бар?



Есте сақта!

Жылдың төрт мезгілі бар: қыс, күз, көктем, жаз. Бір жылда он екі ай, үш жүз алпыс бес (365) тәулік бар. Бір тәулікте 24 сағат бар.

7-сабақ Қыс айлары

Мен шаңғы тебемін
 Сен шаңғы тебесің
 Сіз шаңғы тебесіз
 Ол шаңғы тебеді

Жаңа сөздер

күн
 күндіз
 түн
 ұзақ
 боран соғады



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.

желтоқсан

қаңтар

ақпан



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңдап, сұрақтарға жауап бер.

1. Жылдың қай мезгілі туралы айтылды?
2. Қыс айларын ата.
3. Қыста не болады?
4. Балалар қай мезгілді жақсы көреді?

**ОҚЫЛЫМ****2-тапсырма. Мәтінді оқы.**

Қыс айлары: желтоқсан, қаңтар, ақпан. Қыста күн суық болады. Қар жауады, аяз болады. Боран соғады. Күндіз балалар қармен ойнайды. Шаңғы, шана тебеді. Қыста түн ұзақ, күн қысқа болады.

**Дұрыс айт!**

күндіз [күндүз]
желтоқсан
қаңтар
ақпан
қар
боран соғу [соғуу]
шаңғы

**АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма. Қыс айларын тауып, сөйлем құра.**

Мамыр, қаңтар, сәуір, ақпан, шілде, тамыз, қазан, қараша, желтоқсан.

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендіріп, сөз тіркесін құра.**

- | | |
|-----------|----------------|
| 1. Қар | а.қысқа болады |
| 2. Боран | ә. айлары |
| 3. Күн | б. соғады |
| 4. Түн | в. ойнайды |
| 5. Қыс | г. ұзақ болады |
| 6. Күндіз | ғ. жауады |

**АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма. Сөздерді пайдаланып, төрт сөйлем құра.**

қыс

күн

күндіз

түн

боран

ұзақ

ойна

шаңғы

қысқа

**АЙТЫЛЫМ****6-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдерді толықтырыңдар.**

- Желтоқсан — қыстың нешінші айы? — Желтоқсан — қыстың бірінші айы.
— Қаңтар — қыстың нешінші айы? — ... — қыстың ... -інші айы.
— Ақпан — қыстың нешінші айы? — ... — ... -інші



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жұп болып, әр сурет бойынша диалог құрыңдар.



Кел, жаттайық!

Қыс

Құлақтарын үсіткен,
Шынықпаған — қай бала?
Осы болар «қыс» деген,
Айтсақ жауап жай ғана.

Оспанәлі Иманәлиев



Есте сақта!

Қыста қар жауады, аяз
болады, боран соғады.
Қыста қармен ойнаймын.
Шаңғы тебемін.

8-сабақ Көктем мезгілі

Көктемде жаңбыр жиі жауады.

Жаңа сөздер

қар ериді
жиі
найзағай ойнайды
бүршік жарады



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Құстар ұшып келеді.

Ағаштар бүршік жарады.

Қар ериді.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Өлеңді тыңда. Өлең не туралы?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді оқы.

Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде күн жылынады. Қар ериді, найзағай ойнайды, жаңбыр жиі жауады. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік жарады. Көктем — жылдың әдемі мезгілі.



Дұрыс айт!

найзағай
жаңбыр
жиі [жіі]
бүршік [бүршүк]



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Сөздерді мағынасына қарай сәйкестендір. Сөз тіркесін құра.

- | | |
|-------------|-----------------|
| 1. Қар | а. ұшып келеді. |
| 2. Ауа райы | ә. жауады. |
| 3. Жаңбыр | б. жылы. |
| 4. Найзағай | в. жарады. |
| 5. Бүршік | г. ойнайды. |
| 6. Құстар | ғ. ериді. |



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суретті пайдаланып, сөйлемді толықтыр.

Көктемде



ериді.

Ағаштар



жарады.

ойнайды.



ұшып келеді.



жиі жауады.





АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Әр суретке бір сөйлемнен құра.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Көктем айларын ата.
2. Көктемде ауа райы қандай? Көктемде не болады?
3. Сен көктемде не істейсің?

Кел, жаттайық!

Көктем

Үстін жасыл түк басып,
Көктем келді ның басып.
Тоғандарға тығылып,
Кетті лезде қыс қашып.

Өтепберген Ақыпбеков



Есте сақта!

Қазір — жылдың қай мезгілі? Қазір — көктем мезгілі.
Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр. Көктемде қар ериді, күн жылынады, жаңбыр жиі жауады.

9-сабақ Жаз бен күз айлары

Қазір — қай мезгіл?
Қазір — күз мезгілі.

Жаңа сөздер

егін ору
шық түсу
салқындайды
мың



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Жылдың қай мезгілі екенін анықта.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



2-тапсырма. Мәтінді оқы. Жаз бен күз мезгілдерінің белгісін тап.

Жаз — ең ыстық мезгіл. Жаз айлары: маусым, шілде, тамыз. Жазда жеміс-жидек піседі. Біз суға шомыламыз.

Күз айлары: қыргүйек, қазан, қараша. Күзде егін орады. Күзде күн салқындайды. Құстар жылы жаққа ұшып кетеді. Жаңбыр жиі жауады. Біз қолшатыр ұстаймыз.



Дұрыс айт!

егін ору [ору]
салқындайт
жиі [жйі]
мың



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Жаз және күз айларын ретімен ата.

қаңтар	мамыр	желтоқсан	маусым	қараша	сәуір
шілде	наурыз	ақпан	тамыз	қыргүйек	қазан



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Отбасы мүшелері қай мезгілде туғанын анықта. Кестеге аттарын жаз.

көктем	жаз	күз	қыс



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретті пайдаланып, сөйлемді толықтыр.

1. Жазда



піседі.

2. Біз



шомыламыз.

3.



орады.

4.



жылы жаққа ұшып кетеді.

5.



ыстық болады.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретке қара. Жаз және күз айларын салыстыр.



АЙТЫЛЫМ

7-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріп, сөйлемдерді толықтырыңдар.

Маусым
Шілде
Тамыз

➤ — жаздың нешінші айы?

...
...
...

➤ — жаздың

←

бірінші

...
...

➤ айы.

Қыргүйек
Қазан
Қараша

➤ — күздің нешінші айы?

...
...
...

➤ — күздің

←

бірінші

...
...

➤ айы.

Кел, жаттайық!

Жаз

Жайқалып жапырақ,
Құлпырып қызғалдақ,
Тұратын көз тартып,
Жаз келді күншуақ.

Жұбан Молдағалиев



Есте сақта!

Жаз айлары: маусым,
шілде, тамыз.

Күз айлары: қыргүйек,
қазан, қараша.

10-сабақ **Нәтиже сабақ.** **Мен не үйрендім?**



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

1. Сен демалыс күні түске дейін не істейсің?
2. Түстен кейін не істейсің?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Күн тәртібіңді жаз.

7.00.....	16.00.....
7.30.....	17.00.....
8.00.....	19.00.....
12.00.....	20.00.....
14.00.....	21.00.....
15.00.....	22.00.....



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Сұрақтарға жауап бер.

- Неше жыл мезгілі бар?
- Сен жылдың қай мезгілін жақсы көресің?
- Қыс айларын ата.
- Көктем айларын ата.
- Жаз айларын ата.
- Күз айларын ата.
- Көктем, жаз айларында не істейсің?
- Күз, қыс айларында не істейсің?





АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Топқа бөлініңдер. Суретке қараңдар.

Қыста, көктемде, жазда, күзде ауа райы қандай болады? Жылдың әр мезгілін бір сөйлеммен ауызша сипаттаңдар.

Үлгі: Қыста күн суық болады. Көктемде ...



Білгенге маржан

Мақал-мәтел

Шанаңды жазда сайла,
Арбаңды қыста сайла.



Оқушы, бұл модульде:

- анық айтылған қысқа нұсқауларды түсініп, орындау;
- белгілі бір тақырыптағы әңгімеге араласып, сұхбаттасыңның ойын толықтыру;
- айтылуы мен жазылуында айырмашылығы бар сөздерді дұрыс айту;
- мәтінді мәнерлеп, рөлге бөліп оқу;
- мәтін мазмұны бойынша сұрақтар құрастыру, түрлі сұрақтарға жауап беру;
- жай сөйлемнің соңындағы тыныс белгілерді дұрыс қою;
- жіктеу есімдіктерін, көмекші сөздерді дұрыс қолдануды **үйренесің**.

1-сабақ Әкем — сәулетші

*Сәулет — сәулетші
Құрылыс — құрылысшы
Қабат — көпқабатты
Жаңа құрылыстың жобасы*

Жаңа сөздер

құрылысшы
сәулетші
ғимарат
жаңа
көпқабатты



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



құрылыс

құрылысшы

сәулетші

ғимарат

Әкем — сәулетші. Ол жаңа, көпқабатты ғимараттың жобасын жасады.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Мәтінде кімдер туралы айтылды?
2. Әлібектің әкесі — кім?
3. Әкесі не істейді?
4. Әлібектің ағасы — кім?
5. Ағасы не істейді?



Дұрыс айт!

құрылысшы
(құрұлұшшы)
сәулет
ғимарат
қабат
жаңа



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Суреттерді мәтіннің мазмұны бойынша орналастыр.



ОҚЫЛЫМ ЖАЗЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Үлгіге қара. Әр сөйлем бойынша «иә», «жоқ» деп жауап берілетіндей сұрақ жаз.

Үлгі: Сен Астана қаласында тұрасың ба?

Мен Астана қаласында тұрамын. Астанада әдемі, жаңа, көпқабатты ғимарат көп. Менің әкем — сәулетші. Ол кеше жаңа ғимараттың жобасын жасады. Бұл кісі — менің ағам. Ол — құрылысшы. Әкемнің досы да — құрылысшы.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша ақпараттың дұрыстығын тексер.


сөйлемдер	дұрыс +	дұрыс емес -
Ол Астанада туған.		
Ағасы жаңа ғимараттың жобасын жасайды.		
Алматыда әдемі ғимарат көп.		
Оның әкесі — сәулетші.		
Оның әкесінің досы — құрылысшы.		
Олар көпқабатты үй салады.		



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Кім не істейді? Сөздер мен суреттерді сәйкестендір.

құрылысшы	сәулетші	мұғалім	дәрігер	спортшы	аспаз
-----------	----------	---------	---------	---------	-------



сабақ береді	бала емдейді	үй салады	ас дайындайды	жаңа ғимараттың жобасын жасайды	жарысқа қатысады
--------------	--------------	-----------	---------------	---------------------------------	------------------



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Екі бұлттағы сөздерді тіркестіріп жаз.

әкем, ғимараттың, ағам,
жоба, үй, әдемі, «Апорт»

сауда үйі, құрылысшы, жасайды,
жобасы, салады, сәулетші, ғимарат

Кел, жаттайық!

Үйлеріне қаланың
Мен қызығып қарадым.
Мектеп, балабақшаны
Әдемі етіп саламын,
Мен құрылысшы боламын!
Фариза Оңғарсынова



Есте сақта!

Менің әкем — сәулетші.
Ағам — құрылысшы.
Олар көпқабатты, жаңа
ғимараттар салады.

2-сабақ Мен де сәулетші боламын

*Кесененің сырт+ы
Кесененің төбе+сі
Кесененің мұнара+сы
Райымбек көшесінде орналасқан*

Жаңа сөздер

кесене
сырты
төбе
мұнара
орналасқан



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

сырты
төбесі
[төбесү]
мұнара
орналасқан



кесененің суреті кесененің төбесі

кесененің сырты

кесененің мұнарасы



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. Әлібек кіммен сөйлесті?
2. Олар не туралы сөйлесті?
3. Райымбек батыр кесенесі қандай?
4. Оның сырты қандай?

**АЙТЫЛЫМ**

2-тапсырма. Тірек сөздерді пайдаланып, диалогтің мазмұнын өз сөзіңмен айт.

Тірек сөздер: Райымбек батыр кесенесі, сурет салу, кесененің төбесі, кесененің сырты.

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінді оқыңдар. Мәтін мазмұнына сүйеніп, Әлібек пен әкесінің диалогін жалғастырыңдар.

Бұл — Райымбек батырдың кесенесі. Кесене Алматы қаласындағы Райымбек батыр көшесінде орналасқан. Кесененің төбесі биік, мұнарасы әдемі. Сырты аппақ.

Кесененің жобасын белгілі сәулетшілер — Бек Ибраев, Шәмші Өтебаев, Сәдуақас Атығаев жасаған.

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып жаз.

Ме... әкем — сәулет.... Мен де сәулетші бола.... Маған Райымбек батырдың кесене... ұнайды. Кесене... сырты аппақ. Оның күмбез... әдемі. Кесененің алдында түйе... мүсін... бар. Кесене жобасын сәулетші... — Б. Ибраев, Ш. Өтебаев, С. Ағытаев жасаған.

Тиісті қосымшалар:

-нің	-ші	-мын	-сі	-і	-лер
------	-----	------	-----	----	------

**ЖАЗЫЛЫМ**

5-тапсырма. Суретке қара. Қожа Ахмет Ясауидің кесенесін суреттеп, мәтін құра. Мәтінде «Сәулет» тақырыбы бойынша 1-2-сабақта үйренген жаңа сөздерді қолдан.

Жаңа сөздер: кесене, төбе, мұнара, орналасқан.





АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Суретке қарап, сөйлемдерді толықтыр.

Мен де



боламын.

Бұл —



кесенесі.

Кесененің



әдемі.

Кел, жаттайық!

Мен сәулетші боламын,
Жүйрік ойым, қаламым.
Жоба жасап сан түрлі,
Ғимараттар саламын.



Есте сақта!

Мен сәулетші боламын.
Кесененің жобасын
жасаймын. Кесененің
төбесі биік. Сырты ақ.

3-сабақ Жас сәулетшілер үйірмесінде

Оқушылар сарайы
Сарайдың қабырғасы
Қабырғаның түсі
Түсі қызғылт

Жаңа сөздер

қабырға
сарай
ҚЫЗҒЫЛТ



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ




Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

қабырға
үйірме
[үйірмө]
ҚЫЗҒЫЛТ



Оқушылар сарайы

сарайдың қабырғасы

Сарайдың қабырғасы қызғылт.

**ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып, мазмұнда.

Керекті сөздер: он үш, жас сәулетшілер, ғимараттардың, Оқушылар сарайының.

Бұл — үйірмесі. Үйірмеге ... оқушы қатысады. Үйірмеде ... жобасын жасаймыз. Саша екеуіміз қағаздан ... жобасын жасадық.

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Тыңдалған мәтінге сәйкес сөздерді тіркестіріп жаз.

он үш, ғимараттардың,
жас сәулетшілер, жоба жасауды,
Оқушылар, әкем

*сәулетші, сарайы, үйренеміз, жобасы,
үйірмесі, оқушы*

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Мәтінді оқы. Сұрақтарға жауап бер.

Саша екеуіміз қағаз, пазл, ағаш, легодан жобалар жасаймыз. Кеше қағаздан көпқабатты Оқушылар сарайының жобасын жасадық. Сарайдың қабырғасы биік, сырты қызғылт болды. Төбесі сары, мұнарасы әдемі. Есігі үлкен әрі әдемі.

1. Әлібек пен Саша неден жоба жасайды?
2. Олар кеше қағаздан ненің жобасын жасады?
3. Сарайдың қабырғасы, сырты қандай?
4. Сарайдың төбесі мен есігі қандай?



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Бағандағы сөздерге керекті қосымшаларды жалғап, сөйлем құра.

Мен	лего	-дан -тан -нан	ғимарат	жасады...	-ңыз
Сен	ағаш				-ңдар
Сіз	қағаз				-м
Сендер	пазл				-қ
Біз	картон				-ң



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жағдаят: жас сәулетшілер үйірмесінде досың екеуіңе тапсырма берілді. Қағаздан кесененің жобасын жасауларың керек. Кесене жобасы туралы сөйлесіңдер.

- Әлібек, кесенені неден жасаймыз?
- Кесенені қағаздан жасаймыз.

Кел, жаттайық!

Бұл — үлкен сарай,
Қызығады талай.
Мұнарасы биік,
Тұр аспанға тиіп.



Есте сақта!

Мен жас сәулетшілер үйірмесіне барамын. Саша екеуіміз сарайдың жобасын жасадық. Сарайдың қабырғасы биік. Оның алдында үлкен ескерткіш бар.

4-сабақ Ғажайып субұрқақ

Мен субұрқаққа барамын.
Сыртты мәрмәр тастан жасалған.
«Шығыс күнтізбесі» субұрқа(қ)ғ+ы

Жаңа сөздер

мәрмәр тас
субұрқақ
киіз үй
қызғылт



Оқылым айтылым



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

субұрқақ
мәрмәр
киіз үй

субұрқақ қызғылт түс мәрмәр тас
Субұрқақ жобасының сәулеті киіз үйге ұқсайды.



Тыңдалым айтылым



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Бұл — ненің бейнесі? Суретке қарап сәйкестендір.



Жазылым

2-тапсырма. Тыңдалған мәтінде қай сөз тіркестері кездесті? Белгіле, жаз.

сарайдың күмбезі	«Шығыс күнтізбесі»	Алматының ортасы	маған ұнайды
он екі	жануардың басы	субұрқақтың іші	мәрмәр тас
тастың қабырғасы	түсі қызғылт	киіз үйге ұқсайды	үлкен субұрқақ

**ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ****3-тапсырма.** Мәтінді оқы. Бір-біріңе сұрақ қой.

Алматыда 130 субұрқақ бар. Олар сан алуан әрі әдемі. Маған «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы ұнайды. «Шығыс күнтізбесі» қазақ ертегісіне сәйкес жасалған. Сәулетшілері: В. Твердохлебов, В. Кацев, А. Татаринов.

**ЖАЗЫЛЫМ****4-тапсырма.** Қажетті сөздерді қатыстырып, «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы туралы Әлібек пен Сашаның диалогін жаз.

Қажетті сөздер: мәрмәр тас, субұрқақ, киіз үй, қызғылт.

**АЙТЫЛЫМ****5-тапсырма.** Ғаламтордан өзіңе ұнайтын субұрқақтың суретін тап. Оны сипаттап айт.**Кел, жаттайық!****Біздің Қазақстан!**

Алтай-Жайық арасы —	Жастан сүйіп аңсаған,
Жарты әлемдей даласы,	Тәтті күй мен кәусар ән,
Ол — біздің Қазақстан!	Ол — біздің Қазақстан!

Кенге толы қойнауы,	Анамыздай тілеуі ақ,
Төлге толы жайлауы,	Отан бізде біреу-ақ,
Ол — біздің Қазақстан!	Ол — біздің Қазақстан!

Мұзафар Әлімбаев

**Есте сақта!**

Маған «Шығыс күнтізбесі» субұрқағы ұнайды. Ол киіз үйге ұқсайды. Мәрмәр тастың түсі қызғылт.

5-сабақ Мынау — қай жануардың мүсіні?

Жануардың мүсіні
Барыстың мүсіні
Тауықтың мүсіні

Жаңа сөздер

сұр



Дұрыс айт!

сұр



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Бұл — жылқының мүсіні. Ол тастан жасалған. Мүсіннің түсі сұр.



ОҚЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді оқы. Түсінгеніңді айт.

Алматы — әлемдегі ең сұлу қала. Қалада гүлзар, демалыс алаңы, субұрқақ көп. Олардың сәулеті әртүрлі.

Мен жазда достарыммен «Шығыс күнтізбесі» субұрқағына барамын. Жазда субұрқақтан салқын жел соғады. Біз онда шомыламыз.

**ЖАЗЫЛЫМ**

2-тапсырма. Интернеттен «Шығыс күнтізбесі» субұрқағының суретін тауып, қара. Жануарлардың атын үлгі бойынша жаз.

Үлгі: Бұл — жылқының мүсіні. Мүсін өте әдемі. Жылқы күнтізбеде 7-орында тұр.

**АЙТЫЛЫМ**

3-тапсырма. Суреттерге қара. Үлгі бойынша сөйлесіңдер.

Үлгі: Саған (оған) не ұнайды? Ол — ненің суреті? Ол қандай?

**ЖАЗЫЛЫМ**

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына қажетті сөздерді қойып жаз.

Әлібекке ... ұнайды. Маған ... ұнайды. Саған ... ұнайды. Оған ... мүсіні ұнайды... Інісіне ... мен ... барыс ұнайды. Олар ... табиғатқа жатады. Адам да жанды ... жатады.



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. Жағдаят: бүгін — Субұрқақ күні. Досыңа телефон шалып, «Бақбақ гүлі» субұрқағына шақыр.

Қажетті сөздер: субұрқақ, әдемі, мәрмәр тас, түсі, сәулет, салқын самал.



Кел, жаттайық!

Субұрқақтар әдемі —
Сұлулықтың әлемі.



Есте сақта!

Маған субұрқақтар қатты ұнайды. Олар өте әдемі. Жазда субұрқақтан салқын жел соғады. Біз шомыламыз.

6-сабақ Көктөбеге шығамыз

Мен аспа жолмен көтеріле+мін
 Сен аспа жолмен көтеріле+сің
 Сіз аспа жолмен көтеріле+сіз
 Ол аспа жолмен көтеріле+ді
 «Демалыс және спорт» кешеніне кіру

Жаңа сөздер

аспа жол
 құм
 кір
 кешен



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

Көктөбе
 [Көктөбе]
 кешені
 кіруу
 құм



аспа жолмен көтерілу

«Демалыс және спорт» кешеніне кіру
 ескі — жаңа



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер. Тірек сөздерді қолданып, мәтінді мазмұнда.

1. Көктөбенің сәулеті қандай?
2. Көктөбеде қандай кешен бар?
3. Көктөбеге қалай барады?
4. Ғимараттар неге ұқсайды?

Тірек сөздер: Көктөбе, демалыс кешені, сәулет, аспа жол, көтерілу, кіру.



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша кестені толтыр.

Көктөбе қандай?

-
-
- ...



Көктөбеге қалай баруға болады?

-
-
- ...



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Қою қаріппен жазылған сөздерге сұрақ қой.




Көктөбе — сәулеті әдемі демалыс орны. Көктөбеде «Демалыс және спорт» кешені, биік телемұнара, әсем ғимараттар бар. Көктөбеге аспа жолмен көтерілдік. **Оның төбесінен** қала толық көрінеді. Әсіресе, түнгі Алматының көрінісі керемет!



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Суреттің орнына сөзді қойып, сөйлем құра.

Мен Көктөбеге

+ ... көтерілдім.



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Өзіңе ұнайтын демалыс орны туралы шағын мәтін құра. Ол жерді сипатта.



ЖАЗЫЛЫМ

6-тапсырма. Екі қатардағы сөздерді тіркестіріп жаз.

- 1) Көктөбенің, «Демалыс және спорт» кешені, аспа жолмен, сәулетшілер
- 2) жасаған, сәулеті, бар, көтерілу

Кел, жаттайық!

Көктөбе көркем, көрікті,
Табиғатына тамсанам!
Ол жерден түгел көрінер
Алматы шамы самсаған!



Есте сақта!

Көктөбеге аспа жолмен
көтеріледі.
Көктөбе өте әдемі. Онда
«Демалыс және спорт»
кешені бар.

7-сабақ «Бәйтерек» неге ұқсайды?

Біз «Бәйтерекке» барамыз.
Сендер «Бәйтерекке» барасыңдар ма?
Сіздер «Бәйтерекке» барасыздар ма?
Олар «Бәйтерекке» барады.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Жаңа сөздер

Бәйтерек
биіктігі
самұрық құс
темір
шыны



Дұрыс айт!

Бәйтерек
алақан ізі

«Бәйтерек» кешені алақан ізі
Кешеннің қабырғасы темірден, шыныдан жасалған.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұраққа жауап бер.

1. Саша кіммен сөйлесті?
2. Ол досынан не туралы сұрады?
3. «Бәйтерек» неге ұқсайды?
4. Оның қабырғасы неден жасалған?



ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұны бойынша көп нүктенің орнына керекті сөздерді қойып жаз.

Керекті сөздер: сәулеті, самұрық құстың, үлкен ағашқа, темірден, шыныдан.

1. «Бәйтерек» кешенінің ... ұнады. Ол ... ұқсайды. Оның төбесінде жұмыртқасы бейнеленген. «Бәйтеректің» қабырғасы ... , ... жасалған.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ




3-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар. Диалогті ары қарай жалғастырыңдар.

- Әлібек, саған қандай ғимарат ұнайды?
- Маған «Бәйтерек» кешені ерекше ұнайды.
- «Бәйтерек» туралы айтып берші.
- «Бәйтеректің» биіктігі — 97 метр. Қабырғасы темірден, шыныдан жасалған. Ең жоғары қабатында алақан ізі бар.



ЖАЗЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. Сөзжұмбақты шеш. Ортасынан сәулетті қаланың атауы шығады.



1. Мать
2. Вода
3. Время
4. Город
5. Хлеб
6. Яблоко



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Бәйтерек» кешеніне қатысты ақпарат тауып жаз. Кешен қашан салынған? Оның сәулетшісі — кім?

Кел, жаттайық!

«Бәйтерек» — сәні қаланың,
Түрлеген оның алаңын.
Аялайды «ағашты»
Сарыарқаның самалы.



Есте сақта!

«Бәйтерек» үлкен ағашқа ұқсайды.
Оның биіктігі — 97 метр. Кешеннің
жоғары қабатында алақан ізі бар.
Қабырғасы темірден, шыныдан
жасалған.

8-сабақ Қай ғимарат ұнайды?

Мен «Президент саябағына» барамын
 Сен «Президент саябағына» барасың
 Сіз «Президент саябағына» барасыз
 Ол «Президент саябағына» барады

Жаңа сөздер

ескі
 тұрғын



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

ескі
 тұрғын
 [тұрғұн]



қала тұрғындары

ескі қала

Астана — ерекше сәулетті, жаңа қала.



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ



1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Мәтін мазмұны бойынша тиісті сұрақтарды қойып, сөйлемді толықтыр.

1. «Президент саябағы» ...?
2. Саябаққа ... барады?
3. Саябақта ... субұрқақтар бар?
4. Саябақтың жанында ... ғимараттар бар?



АЙТЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтін мазмұнына қатысты суреттерді тап. Оларды мәтін мазмұны бойынша орналастыр.



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



3-тапсырма. Мәтінді оқы. Әр сөйлемге сұрақ қой.

«Президент саябағы» — Астананың көркі. Оған қала тұрғындары мен қонақтар жиі барады. Саябақтың маңында ескі үй жоқ. Айналасында биік, әдемі, жаңа ғимарат көп. «Ақорда», «Бейбітшілік пен келісім сарайы» саябаққа көрік береді.



ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Көп нүктенің орнына тиісті қосымшаларды қойып, сөйлем құра.

Астана... сәулеті өте әдемі.
 Астана... әдемі, көпқабатты ғимарат көп.
 Саябақтың айналасы... субұрқақ... бар.
 «Президент саяба...» өте әдемі.
 Саябақ... тұрғын... мен қонақ... демала... .

Тиісті қосымшалар:

-да	-ның	-ды
-та	-ғы	-нда
-тар	-дар	



АЙТЫЛЫМ

5-тапсырма. «Суреттерді сипатта» ойыны.

Үш топқа бөлініңдер. Әр топ «Өзгеше ғимарат» тақырыбында сурет салсын. Уақыт шектеулі. Ойын соңында әр топ салған суреттері туралы айтып берсін. Қай топтың суреті мен баяндауы жақсы болса, сол топ «жеңімпаз» атанады.



Есте сақта!

Мен саябаққа бардым. Саябақта субұрқақтар бар. Саябақтың айналасында әсем ғимарат көп. Саябаққа қала тұрғындары жиі барады.

9-сабақ

«Ханшатыр» – ерекше ғимарат!

Мен «Ханшатырға» бардым.
Сен «Ханшатырға» бардың ба?
Сіз «Ханшатырға» бардыңыз ба?
Ол «Ханшатырға» барды ма?

Жаңа сөздер

шебер



ОҚЫЛЫМ АЙТЫЛЫМ



Оқы. Қайтала.



Дұрыс айт!

өнер
[өнөр]
ойын-сауық
[ойұн-сауұқ]



сәулет өнері

«Ханшатырдың» ішінде тропикалық бақтар, гүлзарлар бар.

Ғимараттың сәулетшісі — өз ісінің шебері.

ойын-сауық орталығы



ТЫҢДАЛЫМ АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Мәтінді тыңда. Сұрақтарға жауап бер.

1. «Ханшатыр» қандай сәулет өнеріне жатады?
2. «Ханшатыр» — қандай орталық?
3. «Ханшатырдың» жобасын кім жасаған?



ОҚЫЛЫМ

2-тапсырма. Мәтінді рөлге бөліп оқыңдар.

- Бұл — «Ханшатыр» ма? Оның ішінде не бар?
- Иә, бұл — ең үлкен сауда орталығы әрі ойын-сауық кешені. Онда сауда орындары, тропикалық бақтар, гүлзарлар бар.
- Ғимараттың қабырғасы неден жасалған?
- Қабырғасы темірден, шыныдан жасалған. Іші жарық.
- Жүр, кірейік.



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. Мәтін мазмұнына қатысты суреттерді тап. Оларды мәтін мазмұнына сәйкес орналастыр.





ЖАЗЫЛЫМ

4-тапсырма. Үлгіге қара. Мына балаларға қазақша ат қой. Олар «Ханшатыр» туралы бір-бір сөйлемнен айтсын. Олардың сөзін дәптеріңе жаз.



Үлгі: Айару: «Ханшатыр» — керемет ғимарат!



ЖАЗЫЛЫМ

5-тапсырма. Суретке қарап, сөйлемді толықтыр.



— әсем қала.



— Астанадағы ең әдемі ғимарат.

Оның



темір мен шыныдан жасалған.

«Ханшатырдың» ішінде



бар.

Ғимаратта бірнеше



бар.



АЙТЫЛЫМ

6-тапсырма. Жағдаят: сен «Ханшатырдың» жобасын жасаған шетелдік сәулетшімен кездесіп қалдың. Амандасып, сөйлес. Диалогте осы ғимараттың ерекшелігі туралы айтыңдар.



ЖАЗЫЛЫМ

7-тапсырма. Суреттерге қара. Қайсысы ерекше ұнайды? Сипаттап жаз.



Кел, жаттайық!

Жұмбақ

Мөлдір мұз арқылы
Нұр төгіп, күн тұрар.
Ғимарат әр күні
Тазарып құлпырар.
(Терезе)



Есте сақта!

«Ханшатыр» — Астанадағы ерекше ғимараттардың бірі. Оның күмбезі темірден, шыныдан жасалған. Ғимараттың сәулетшісі — өз ісінің шебері.

10-11-сабақ Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?



АЙТЫЛЫМ

1-тапсырма. Суреттер бойынша шағын мәтін құра. Мәтінде «Сәулет» тақырыбы бойынша үйренген жаңа сөздерді пайдалан.





ЖАЗЫЛЫМ

2-тапсырма. Суретті сөзбен сәйкестендір. Сөйлем құра.




Қала

Ауыл

Аспа жол

Субұрқақ



АЙТЫЛЫМ

3-тапсырма. «Сиқырлы суреттер» ойыны.

Екі топқа бөлініңдер. Мұғалім бірнешеге бөлінген қаланың суретін береді. Суретті бірінші боп құрастырып, ол қала туралы бес сөйлем айтқан топ жеңіп шығады.



АЙТЫЛЫМ

4-тапсырма. «Маған ұнайтын сәулет туындысы» тақырыбында постер дайында. Оны сыныпта көрсетіп, сипатта.

Білгенге маржан

Жұмбақ

Сәулеті сұлу-ақ,
Ал суы суық-ақ.
Жатады атқылап,
Балалар қызығад!

(Субұрқақ)



I ЖАНДЫ ТАБИҒАТ

өзгеру — изменение
сыныптастар — одноклассники

жанды/жансыз — живой/неживой (-ая, -ое, -ые)
өсімдік — растение
өседі — растёт

қора — загон для животных
қой — овца/баран
сиыр — корова
жылқы — лошадь
ешкі — коза
түйе — верблюд
мал — скот

құлын, құлыншақ — жеребенок
бота — верблюжонок
бұзау — теленок
қозы, қошақан — ягненок
лақ — козленок; козочка

секіреді — прыгает
еркелейді — ласкается

ара — пчела
құмырсқа — муравей

қызғалдақ — тюльпан
жәндік — насекомые

құстар — птицы
қорғайды — защищает, охраняет
көгершін — голубь
тоқылдақ — дятел
қарлығаш — ласточка

балапан — птенец, цыпленок
жоғары — выше, высоко
ұшады — летает
ұя салу — вить гнездо; гнездиться

тырна — журавль
шығарып салу — проводить, провожать

торғай — воробей
жем шашу — давать корм
ұя жасау — делать скворечник

үй құстары — домашние птицы
төмен — низко, ниже
тауық — курица
үйрек — утка
қаз — гусь
әтеш — петух

II ЖАҚСЫДАН ҮЙРЕН, ЖАМАННАН ЖИРЕН

еңбекқор — трудяга
ақылды — умный (-ая; -ое; -ые)
сыпайы — вежливый (-ая; -ое; -ые)
үлгілі — примерный (-ая; -ое; -ые)
тентек — шалун, избалованный (-ая; -ое; -ые)

мейірімді — добрый (-ая; -ое; -ые)
еріншек, жалқау/ жалқау емес — ленивый/неленивый (-ая; -ое; -ые)
ерке — избалованный, ласковый (-ая; -ое; -ые)
жаман — плохо, плохой (-ая; -ое; -ие)

ешкім — никто
 әдепті/әдепсіз — вежливый,
 воспитанный / грубый, невоспитанный
 (-ая; -ое; -ые)
 алғыс айту — благодарить
 мінез — характер
 келесі — следующий (-ая; -ее; -ие)
 міну — залезать, сесть
 әдет — привычка
 тілазар — непослушный (-ая; -ое; -ые)
 теріс қылық — плохой поступок

ұқыпты/ұқыпсыз — бережливый;
 аккуратный/ неаккуратный (-ая; -ое;
 -ые)
 көтер — подними
 өз — сам; свой

кешік — опоздай

әрқашан — всегда
 шула — шуми
 бөліс — делись; распределение

қоқыс — мусор

қайырымды — добрый (-ая; -ое; -ые)
 қарсы — против
 оңай — лёгкий (-ая; -ое; -ие)
 қиын — трудный (-ая; -ое; -ые)
 қарны ашу — чувствовать голод
 ертеңге қалдыру — оставить на завтра

таға — подкова
 ұста — кузнец
 апару/апармау — носить/не носить
 ереже — правило
 сындырып алған — сломал; расколотил
 сынған — сломанный

шебер — мастер
 қызығу — заинтересоваться
 айырбастап алу — менять, поменяться
 шырпы қораптары — спичечные
 коробки
 қауіпті — опасно
 қате — ошибка, неправильный (-ая;
 -ое; -ые)
 ренжі — обижайся
 рас — правда, верно

III УАҚЫТ

сағат неше? — который час?
 тура — ровно
 қалды — осталось
 кетті — прошло

таңертең — утром
 жарым — половина
 жуыну — умываться
 жаттығу жасау — делать зарядку

қашан? — когда?

сабақтан кейін — после уроков
 сабаққа дейін — до уроков
 кешке — вечером
 ерте — рано
 кеш — поздно

күн тәртібі — режим, распорядок дня
 таңғы ас — завтрак
 түскі ас — обед
 кешкі ас — ужин

немен? — чем?
 бос уақыт — свободное время
 қолданады — применяет; использует
 мезгіл — время
 тәулік — сутки

шұғылдану — заниматься

жыл — год
 жылдың төрт мезгілі — четыре времени
 года

күн — день
 күндіз — днём
 түн — ночь
 ұзақ — длинный (-ая; -ое; -ые), долгий

(-ая; -ое; -ие)
 боран соғады — буря метёт

қар ериді — снег тает
 жиі — часто
 найзағай ойнайды — молния сверкает

Ағаштар бүршік жарады. — На деревьях
 набухают почки.

егін ору — время уборки урожая
 шық түсті — выпала роса
 салқындайды — похолодает
 мың — тысяча
 мұнара — купол

IV СӘУЛЕТ

құрылысшы — строитель
 сәулетші — архитектор
 ғимарат — здание
 жаңа — новый (-ая; -ое; -ые)
 көпқабатты — многоэтажный (-ая; -ое;
 -ые)

кесене — мавзолей
 сырты — снаружи
 төбе — вершина, холм, потолок
 орналасқан — расположен

қабырға — стена дома
 сарай — дворец
 қызғылт — розовый, красноватый (-ая;
 -ое; -ые)

мәрмәр тас — мрамор
 субұрқақ — фонтан

киіз үй — юрта

аспа жол — канатная дорога
 құм — песок
 бәйтерек — тополь
 биіктігі — высота

ескі — старый (-ая; -ое; -ые)
 кіру — зайти, войти, заехать
 кешен — комплекс

мұнара — купол
 биіктігі — высота
 самұрық құс — самрук, мифическая птица
 темір — железо, железный (-ая; -ое; -ые)
 шыны — стекло
 сұр — серый (-ая; -ое; -ые)
 тұрғын — житель
 шебер — мастер

Мазмұны

1. Жанды табиғат

1. Күз келді	4
2. Жанды және жансыз табиғат	8
3. Үй жануарлары — жанды табиғат.....	11
4. Бұл — малдың төлі	14
5. Менің ақ лағым бар	17
6. Жәндік жанды табиғатқа жата ма?.....	20
7. Құстар — біздің досымыз	22
8. Қандай әдемі балапан!	25
9. Тырналар жылы жаққа ұшады	28
10. Жем шашамыз	31
11. Үй құстары	33
12. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	34

2. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен

1. «Жақсы» деген немене?	37
2. «Жаман» деген немене?	40
3. Әлібек — әдепті бала	43
4. Ол — ұқыпты оқушы	45
5. Әнел ақылды	48
6. Қайырымды бала	50
7. Еріншектің ертеңі бітпес	52
8. Азға қанағат ет	55
9. Мейірімді Нұрай	58
10. Шебер бала	60
11. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?	63

3. Уақыт

1. Сағат он екі болды.....	65
2. Сағат жетіде тұрамын.....	68
3. Ерте ұйықтаймын.....	73
4. Менің күн тәртібім.....	76
5. Бос уақыт	79
6. Жылдың төрт мезгілі	82
7. Қыс айлары	85
8. Көктем мезгілі	88
9. Жаз бен күз айлары	91
10-11. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	94

4. Сәулет

1. Әкем — сәулетші.....	96
2. Мен де сәулетші боламын	100
3. Жас сәулетшілер үйірмесінде	103
4. Ғажайып субұрқақ.....	106
5. Мынау — қандай жануардың мүсіні? .	108
6. Көктөбеге шығамыз	111
7. «Бәйтерек» неге ұқсайды?	114
8. Қай ғимарат ұнайды?.....	116
9. «Ханшатыр — ерекше ғимарат!	118
10-11. Нәтиже сабақ. Мен не үйрендім?.....	122

Электрондық оқулық



Оқу басылымы

Учебное издание

Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Дәулетбекова,
Р. С. Рахметова,
А. Қ. Рауандина,
Л. С. Нұрмұханова

Ф. Ш. Оразбаева,
Ж. Т. Даулетбекова,
Р. С. Рахметова,
А. К. Рауандина,
Л. С. Нурмуханова

Қазақ тілі. Балапан
Оқулық
1-бөлім

Қазақ тілі. Балапан
Учебник
Часть 1

Қазақ тілінен басқа тілде оқытатын
11 жылдық жалпы білім беретін мектептің
3-сыныбына арналған

Для 3 класса
11-летней общеобразовательной школы
с неказахским языком обучения

Әдіскер: Б. Қ. Мүкеева
Редакторлары: М. А. Рысқұлов, О. С. Жұбаева
Суретшілер: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, М. Мирошников,
Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейілханова,
А. Склярова, Н. Старчикова, С. Сывороткина,
С. Телеуітова, М. Харитоновна
Мұқаба әрленімі: Д. Н. Буксикова
Техникалық редактор: Д. К. Тынбаев
Беттеуші: С. Қыдырбай

Методист: Б. К. Мукеева
Редакторы: М. А. Рыскулов, О. С. Жубаева
Художники: А. Айтжанов, Р. Байбекова, И. Гусева,
М. Дильманов, И. В. Киянова, М. Мирошников,
Е. Рагозина, В. Самаркина, А. Сейлханова, А. Склярова,
Н. Старчикова, С. Сывороткина, С. Телеутова,
М. Харитоновна
Дизайн обложки: Д. Н. Буксикова
Технический редактор: Д. К. Тынбаев
Компьютерная верстка: С. Кыдырбай

12.12.18 басылымға жіберілді. 60×90¹/₈ форматы.
Офсеттік басылым. «DIN» қаріп түрі. Офсетті қағаз.
Шартты баспа табағы 13,4.
Қосымша таралымы 7000
«Реформа» ЖШС-нде басылған.

Подписано в печать 12.12.18. Формат 60×90¹/₈ Печать
офсетная. Гарнитура «DIN». Бумага офсетная. Усл.
печ. л. 13,4.
Дополнительный тираж 7000
Отпечатано ТОО «Реформа»

050022, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.,
Сейфуллин даңғылы, 597-А,
тел. +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com

050022, Казахстан, Алматы,
пр. Сейфуллина, 597-А
тел: +7 (727) 220 76 60, +7 (727) 220 76 61
e-mail: info@kokziek-gorizont.com
www.kokziek-gorizont.com